

Әділетті Қазақстан

Елдігімізді
қорғаудың
ең басты жолы —
берекелі бірлік.
Бұдан басқа жол
жоқ.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

БІЛІМ



1 МАУСЫМДА —
СОҒҒЫ ҚОҒЫРАУ!

8

ХАЙ-ТЕК



ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТ

12

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«ҮРКЕРДІҢ
ЖЕРГЕ ТҮСУІ»

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

25.05.2023

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

26.05.2023

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+22+24 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №64 (6357) 25 мамыр, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

МӘСКЕУ ФОРУМЫ



Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев
25 мамыр күні өтетін
Жоғары Еуразиялық
экономикалық кеңестің
отырысына қатысу үшін
Мәскеуге барды.

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, кеше «Көпполярлы әлемдегі еуразиялық интеграция» атты Еуразиялық экономикалық форумның пленарлық отырысына қатысу үшін «Зарядье» концерт залына барған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты Ресей Президенті Владимир Путин қарсы алды. Олардан басқа алқалы жиынға Бела-

рус Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров қатысады, сондай-ақ Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин бейнебайланыс режимінде сөз сөйлейді деп жоспарланғаны белгілі болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: t.me/eqorda_resmi).

6

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

АСЫҒА КҮТКЕН АЙНАЛМА

Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы
маусым айында пайдалануға беріледі



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҮЛІ.

Бұл туралы Алматының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «БАКАД. Тарифтер. Ақылы жолдар» тақырыбында өткен брифингте айтылды.

5

ҚЫСҚА...

- Бүгін Мәскеуде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысы өтеді.
- Мемлекет басшысы Италия Премьер-министрімен телефон арқылы сөйлесті.
- Президент кедендік баждарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуы туралы заңға қол қойды.
- Сенатта шағын және орта бизнесті дамыту және одан әрі қолдау мәселелері талқыланды.
- Әліхан Смайылов Дохада қатарлық Power International Holding басшысымен кездесті.
- Бүгін Үкіметте балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері қаралады.
- Астанада Мемлекеттік рәміздер күніне орай бәйге түрлерінен турнир өтеді.
- Ертен Алматыда «Халық заңгері» жалпыреспубликалық акциясы басталады.
- 2024 жылдан бастап заңды қазақ тілінде жазу міндеттеледі.
- Қазақстандағы киік саны 1,9 миллионнан асты.
- Балалардың әлеуметтік желіге тіркелуіне шектеу қойылуы мүмкін.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің отырысы өтті.

Сенаторлар мен мәслихат депутаттары Мемлекет басшысының тапсырмаларынан туындайтын міндеттерді талқылап, алдағы бірлескен жұмыстың басым бағыттарын айқындап алды. Спикердің айтуынша, қазіргі таңда жаңа формациядағы заңдарды қабылдау ісіне мәслихат депутаттарын тартудың маңызы зор. Ал сенаторлар өңірлерді дамыту мәселелерін, атап айтқанда, жергілікті инфрақұрылымның ерекшеліктері мен жағдайын жан-жақты зерделеп, қордаланған проблемаларды жүйелі түрде шешуге ықпал етуге тиіс. Сонымен қатар, Сенат Спикері мәслихаттардың жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды дамытудағы рөлі туралы айтты. «Депутаттардың жергілікті жерлерде реформалардың іске асырылу барысына жоспарлы түрде мониторинг жүргізуін қолға алу маңызды. Қазіргі таңда басқару жүйесін орталықсыздандыру мәселесіне үлкен мән беріліп отыр. Осы бағытта жүргізілген әкімшілік реформалардың нәтижесінде Үкіметтің 500-ге жуық функциясы орталық мемлекеттік органдарға берілді. Ендігі кезеңде біршама құзыреттер жергілікті жерлерге беріледі. Алдағы айларда тиісті заңдарды қабылдауды жоспарлап отырмыз. Осыған байланысты мәслихаттардың рөлін одан әрі арттыру мәселесін қарастырған жөн. Әкімшілік өзгерістердің осындай жаңа кезеңі жергілікті өкілді органдардың құзыретін кеңейтуге де жол ашуы қажет», – деді Палата Төрағасы.

■ ҮКІМЕТ

Доха қаласында өтіп жатқан үшінші Қатар экономикалық форумы аясында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов пен Қатар Әмірі, шейх Тәммим бин Хамад Әл Тәни кездесу өткізді.

Қатар Қазақстанның араб әлеміндегі маңызды саяси және экономикалық серіктесі. Мұның дәлелі өзара сауда мен инвестициялар саласындағы жоғары көрсеткіштер болып табылады. Мәселен, осы жылдың бірінші тоқсанында ғана екіжақты тауар айналымының көлемі 17,7 есе өссе, 2022 жылдың қорытындысы бойынша республикаға құйылған Қатар инвестицияларының көлемі 3 есе артқан.

■ БИЗНЕС-ФОРУМ

Қазақста–Сингапур бизнес-форумының қорытындысы бойынша жалпы құны \$275 млн долларды құрайтын құжаттарға қол қойылды.

Бүгінде Сингапур – Қазақстанның ASEAN аймағындағы ең ірі сауда және инвестициялық серіктесі. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша екіжақты тауар айналымы 65%-ға өсіп, \$2 млрд-қа жуықтады. Сондай-ақ, осы кезеңде сингапурлық инвестиция көлемі 6 есе өсіп, \$400 млн құрап, рекордтық деңгейге жетті. Қазақстанда 230-дан астам сингапурлық компания мен бірлескен кәсіпорындар табысты жұмыс істеуде. Форум қорытындысы бойынша сауда, инвестиция, логистика және мемлекеттік қызметкерлерді оқыту салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірқатар екіжақты келісімдер мен меморандумдарға, сондай-ақ құны \$275 млн болатын коммерциялық құжаттарға қол қойылды.

■ ЕУРОКОМИССИЯ

Қазақстан Еуразиялық одақ елдерінің мемлекеттік сатып алуларындағы кедергілерді жүйелі түрде төмендетеді.

Күні кеше онлайн-режимде өткен Еуропалық экономикалық комиссия кезеңінде қатысушылар қазақстандық тараптың бастамасымен Одаққа мүше елдердің мемлекеттік сатып алулары үшін қолжетімді тауарлар тізбесін одан әрі кеңейтуді бірауыздан қолдады. Қазақстанда Еуразиялық одақ периметрі елдерінен кәсіпорындардың мемлекеттік сатып алуларына қол жеткізудегі кедергілерді кезең-кезеңімен жою бойынша жұмыс жүйелі жүргізіліп келеді. Осы жылдың қаңтар айында қазақстандық тараптың бастамасымен ЕЭК Кеңесінде жекелеген ұлттық талаптарсыз сатып алуға қолжетімді 55 қосымша тауардың өндіріс шарттары бекітілді. Сондай-ақ, ЕЭК Кеңесі ЕЭК мүшелері мен оның қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалауды жетілдіруге, ішкі рәсімдерді, Одақ елдерінің біріне тұрақты тұруға келген шетелдік азаматтардың көлік құралдарын бажсыз әкелу құқығын жақсартуға бағытталған бірқатар рәсімдік құжаттар қаралып, шешімдер қабылданды. ЕЭК Кеңесінің келесі отырысын 23 маусымда өткізу туралы шешім қабылданды.

■ ДЕНСАУЛЫҚ ПАСПОРТЫ

Қазақстанда шетелдердегідей болашақ жас жұбайларға кешенді медициналық зерттеп-қараудан өтуді көздейтін отбасылық жетпіс жасқа дейінгі денсаулық паспортын енгізу ұсынылуда, деп хабарлады ҚР Денсаулық сақтау министрлігі.

«Әрбір әйел – әрбір бала» ана мен бала денсаулығын сақтау тұжырымдамасының жобасында «Отбасылық жұптардың денсаулық паспортты» жобасын әзірлеу және іске асыру қарастырылған, ол некеге тұрғанға дейін қыздар мен жігіттерді ерікті профилактикалық тексеруді көздейді. Жобаны іске асырудың мақсаты – ана өлімінің дамуына, жастардың репродуктивтік және соматикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға барынша әсер ететін кейбір ауруларды анықтау, жыныстық жолмен берілетін генетикалық, соматикалық және инфекциялық ауруларды уақытылы ерте анықтау және жүктілікті жоспарлауға дейін емдеуді бастау. Некеге дейінгі медициналық зерттеп-қараулар болашақ ерлі-зайыптылардың денсаулығының нашарлауына және ауру ұрпақтардың тууына жол бермейді.

■ АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 94,2 мың отбасындағы 494,3 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Биыл осы мақсаттарға бюджеттен 73,9 млрд теңге бөлінді, – деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

АӘК отбасының әрбір мүшесіне, жан басына шаққандағы орташа табысы өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан төмен азаматтарға тағайындалады. Осы жылдың 1 қаңтарынан бастап 1 жас пен 6 жастағы балаларға арналған кепілдендірілген әлеуметтік топтама көмектің заңға түсірілген, монетизациялану форматына, яғни 1,5 АЕК мөлшерінде (2023 жылы – 5175 теңге) ақшалай қосымша төлем түріне ауыстырылды. 2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша АӘК алушылар қатарындағы 1 жас пен 6 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда – 150,8 мың балаға қосымша төлем тағайындалды. Қазіргі уақытта қазақстандықтар АӘК тағайындауға өтінішті тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталығында, ауыл округінің әкіміне, сондай-ақ eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы бере алады.

■ ҰБТ

ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ергалиев Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте биыл ҰБТ-ға енгізілген жаңашылықтар туралы хабарлар етті.

Спикердің айтуынша, биылғы ҰБТ-ның негізгі артықшылықтарының бірі – оны тапсыруға екі мүмкіндік беріліп, тестілеуші екі нәтижеден ең жақсысын тандап грант иелену үшін конкурста қатыса алады. Биыл бұл норма заңнамалық тұрғыда бекітілген. Сонымен қатар, екі мүмкіндікте де түлек бір бейіндік пәндер комбинациясын таңдау керек. Тест тапсыру тілі бойынша, балалардың 75%-ы қазақ тілінде, 25%-ы орыс тілінде және 0,14%-ы ағылшын тілінде емтихан тапсыруға ниет білдірген. Биыл тестілеу форматында өзгерістер жоқ, пәндер саны бесеу: үш міндетті және екі бейіндік пән. Барлығы 120 тест сұрағы болады. Ең жоғары ұпай – 140. Тестілеудің жалпы уақыты – 4 сағат. Басты жаңашылықтар – «Қазақстан тарихы» және «Оқу сауаттылығы» пәндері бойынша тест тапсырмаларының санына өзгерістер енгізілді. «Қазақстан тарихының» бір нұсқасына 20 тест тапсырмасы болады, ал «Оқу сауаттылығында» 15 тест сұрағы болады. Биылдан бастап «Информатика» ҰБТ бейіндік пәндер комбинациясының тізіміне енгізілді.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ МӘЖІЛІС

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»

жобасы жыл соңына дейін талқыланады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы қыркүйектегі Жолдауында «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарлама әзірлеу керектігін айтқан. Осы орайда, Мәжіліс депутаттары бағдарламаны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заң жобасын қарастырып жатыр.



Досбол АТАЖАН

Мәжіліс депутаттары «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне ҚР Ұлттық қорынан балаларға төлем жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын талқылауға кірісті.

«Бұл заң жобасы 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекет басшысының «Ұлттық қор – балаларға» жобасын іске асыру мақсатында әзірленді. Заң жобасы жас ұрпақ арасындағы тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының кәмілетке толғаннан кейін жинақтары есебінен білім алу мүмкіндігін қолдау мақсаттарын ұстанады», – деді ҚР Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Мәди Такиев.



БРИФИНГ

ТАУАРЛАРҒА ІЛЕСПЕ ЖҮКҚҰЖАТ

шығару міндеттемесі күшіне енді



Алматының салық қызметі ЕАЭО елдерінен тауарларды әкелу мен әкету кезінде ТІЖ енгізу жобасының жүзеге асуын хабарлады.



Айнабай МӘДИ

Салық төлеушілер үшін тауарға берілетін ілеспе жүкқұжаттың көшірмесі – өзекті мәселе. Осы тақырыпта Өңірлік ком-

муникациялар қызметі алаңындағы өткен брифингте Алматы қалалық Мемлекеттік кірістер департаменті ЕАЭО аясында қосымша құн салығын әкімшілендіру басқармасының басшысы Жан Фараби Сейтхан мәлімдеді. Басқарма басшысы

лық комиссияның отырысында Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев атап өткен болатын.

Сондай-ақ, оның айтуынша, баланың жасы қазір неғұрлым кіші болса, болашақта оған берілетін ақшаның көлемі де соғұрлым көбірек болмақ. Жалпы, 18 жыл ішінде әрбір баланың есебінде 3500 доллар жиналады деп жоспарланған.

«Бала қазір неғұрлым жас болса, соғұрлым көп қаражат жиналады. Егер сәби осы жылы туылған болса, 18 төлем алады. Жыл сайын бала есебіне бір рет ақша құйылып отырады. Егер бала бүгін 5 жаста болса, болашақта оған 13 төлем жасалады», – деп түсіндірді мәжілісмен.

Бала есебіндегі ақша жинақтары Қазақстанда тұрғын үй сатып алуға немесе үйді жөндеуге, сонымен қатар баланың білім ақысын (шетелдік ЖОО-да кіреді) төлеу үшін жұмсауға болады. Егер кәмілетке толған азамат 10 жыл ішінде бұл қаражатты пайдаланбайтын болса, ақша оның зейнетақы шотына аударылады.

тасымалданатын жүктерге жүргізілген мониторинг нәтижесінде ЕАЭО аумағында тауарлардың еркін қозғалысы аясында салық төлеуден жалтарудың түрлі схемасы, соның ішінде, жалған алушыларға тауар әкелу деректері анықталғанын айтты.

Осыдан үш жылдай бұрын салықты әкімшілендіру автоматтандыру және цифрландыру барысында ЕАЭО елдерінен келген тауарларды импорттау және экспорттау кезінде ТІЖ енгізуге қосылған пилоттық жобаның нәтижесі. Пилоттық жобаның оң нәтижесі ескеріле келе, биылғы 1 сәуірден бастап тауарларға ілеспе жүкқұжатты (ТІЖ) шығару міндеттемесі күшіне енді. Жоба шеңберінде қадағаланатын тауар тізбесі сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының 11 кодын (тұрмыстық тоңазытқыш, мұздатқыш) қамтиды.

«Салық төлеуші ТІЖ ұсынбағанда, ондағы мәлімет нақты тасымалданатын жүкке сәйкес келмеген жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылған», – деді басқарма басшысы.



ТАҒАЙЫНДАУ

Қала әкімі аппаратына жаңа басшы келді

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы лауазымына Бейбіт Шаханов тағайындалды.



Бейбіт Шаханов 1979 жылы туған. Абылайхан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және

әлем тілдері университетін; Қазақ мемлекеттік заң университетін; Қазақ коммерциялық-қаржы академиясын; Ланкастер университетін (Ұлыбритания) бітірген.

Еңбек жолын 2002 жылы ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Монополияға қарсы заңнаманың сақталуын бақылау департаментінің жетекші маманы қызметінен бастаған.

Өр жылдары Қаржы министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде басшылық қызметтер атқарған.

2015–2022 жылдары ҚР Ұлттық экономика министрлігінің, Инвестициялар және даму министрлігінің, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жер ресурстарын басқару істері комитетінде жұмыс істеген.

2022 жылғы маусымнан бастап қазіргі тағайындауға дейін Алматы қаласы Құрылыс басқармасының басшысы болып жұмыс істеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

СОТ ШЕШІМІ

ЗАҢСЫЗ САЛЫНҒАН НЫСАН БҰЗЫЛДЫ

Қала құрылысын бақылау басқармасының ақпараты бойынша сот шешімімен Құрманғазы көшесі, 145 мекенжайында орналасқан мезонин заңсыз деп танылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Пәтерлердің бірінің иесі тұрғын үйдің шатырына мезонин тұрғызып, қабылдау комиссиясының актісімен оны пайдалануға берген.

5.07.2021 ж. басқарма Алматы ауданының сотына қабылдау комиссиясының актісін жарамсыз деп тану, құрылыстың рұқсатсыз салынғаны және меншік иесінің мезонинді өз есебінен бұзу міндеттемесі туралы талап-арыз жолданды.

Іс бойынша сот талқылауы ұзаққа созылды, 07.12.2022 жылдың қорытындысы бойынша Алматы қалалық сотының қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз қалды, басқарманың талаптары қанағаттандырылды.

Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы Әділет департаментіне жіберілді. Жақында меншік иесі өз бетінше ғимаратты бұзуға кірісті.



НАРЫҚ

БІР КӨЛІК ӘКЕЛҮГЕ РҰҚСАТ БАР!

Электромобильді кедендік бажсыз ресімдеу тәртібі туралы

Қазіргі уақытта әлемнің дамыған елдерінің бәрінде экологиялық стандарттарға ерекше көңіл бөлініп, болашақта көлік қозғалысының электромобильдік түріне көшу мәселесіне байланысты кешенді шаралар қолға алынууда.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті, Еуразиялық экономикалық комиссиясы Алқасының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы «Жеке пайдалануға арналған тауарларға байланысты кейбір мәселелер туралы» №107 шешімі 3-қосымшасының 9-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматына және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын тұлғаға кедендік салықтар мен төлемдерден босатыла отырып, 1 электромобиль әкелуге рұқсат етілгенін хабарлайды. Ал енді кедендік рәсімдерден өту үшін, Қазақстан Республикасының азаматының жеке басын куәландыратын құжат, иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқығын растайтын құжаттар, сондай-ақ тауарға ілесіп құжаттар (CMR, ТТН, инвойс, тех.төлқұжат) және өз қолымен толтырылған жолаушы кедендік декларациясын кеден бекетінің инспекторына ұсыну қажет. Бұл ретте декларация бланкісі, оны толтырғаны және декларацияны тапсыру үшін ешқандай ақша құралдары төленбейді.

Сонымен қатар, электромобильді рәсімдеген азаматқа Ресей Федерациясының азаматтығы бар және Ресей Федерациясында тұрақты тұратын тұлғаларға кедендік тазартудан өткеннен кейін 3 (үш) жыл бойы иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқығына шектеу қойылатынын ескертіп өткеніміз артық болмас.

Бекен НҰРАХМЕТОВ,
«Алтынкөл-жол» кеден бекеті басшысының орынбасары
(Арнайы «Алматы ақшамы» үшін).

БӘРЕКЕЛДІ!

Алматылық жас ғалым

Сағын Жұмаділдаев АҚШ-та өткен байқауда екінші орын алды

«Regeneron ISEF–2023» дүниежүзілік ғылыми-инженерлік конкурсында алматылық Сағын Жұмаділдаев ел намысын қорғады. 14–19 мамыр аралығында Техас штатының Даллас қаласында (АҚШ) өткен байқауға дүние жүзінің 64 елінен 1600-ден астам жас ізденуші қатысқан еді.




Рая
ЕСКЕНДІР

Аталған конкурстың талабы да, талғамы да жоғары. Жалпы, бұл жарысқа қатысушылар алдымен өз елдерінде өткен жергілікті жарыстарға қатысып, жеңімпаздар байқау нәтижесіне қарай іріктеледі. Негізінен, бұл конкурс инженерлік саланы дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар, конкурс мектеп оқушыларының ғылыми ізденіске деген қызығушылығын оятып, инженерлік ғылым саласын өскелең ұрпақ арасында кеңінен насихаттауға арналған. «Regeneron ISEF–2023» дүниежүзілік ғылыми-инженерлік конкурсы АҚШ-та 1950 жылдан бері өткізіліп келеді. Талай дарынды жастың танымал болуына септігін тигізген.

Биыл айтулы білім бәсекесіне біздің елімізден үш жас ғалым: Сағын Жұмаділдаев – Алматы қаласы НЗМ 11-сынып оқушысы (математика), Асылхан Қали – Көкшетау қаласы НЗМ 11-сынып оқушысы (информатика), Алдияр Сүлеймбеков – Астана қаласы №60 МЛ 10-сынып оқушысы (химия) қатысқан еді. Алматылық алғыр жас, Қазақстан құрамасының мүшесі Сағын Асқарұлы



Жұмаділдаевтың «L-tromino tilings for portions of square lattice» жобасы екінші орынмен және Mu Alpha Theta академиясының 1000 доллар ақшалай сыйлығымен марапатталды.

– Мен үшін бұл байқаудың орны ерекше болды. Еліміздің абыройынан биік не бар? Өзіме жүктелген сенімді ақтап, мемлекетіміздің мерейін арттырып қайттық. Бұл – біздің жеңістеріміздің басы. Әлі ел мерейін талай тасытамыз, – деді Сағын Асқарұлы.

Білім сайысының ең үздік жеңімпаздары екі марапаттау рәсімінде анықталды. Сондай-ақ, 75 000 АҚШ доллары көлеміндегі бас жүлде жарияланды. Бас жүлде Сан-Хосе қаласынан (АҚШ, Калифорния шт.) келген 17 жастағы Кэйтлин Вангқа берілді. Жалпы, инновация мен зерттеу тереңдігі негізінде бағаланған жұмыстарға шамамен 9 миллион доллар берілді.

Аталған сыйлық жоғары сынып

оқушыларының математика саласында ең күрделі, жан-жақты және шығармашылықпен зерттелген жобалары үшін беріледі. Ережеге сәйкес, зерттеу тармақтарына көбінесе математикалық дәлелдеу мен модельдеу, статистикалық талдау, визуализация кіреді.

– Қазақстан құрамасы бұл көрмеге 2000 жылдан бері толыққанды мүше болып табылады. Бұл жылы талдықорғандық мектеп оқушысы Данияр Каменов математикадан екінші орынды жеңіп алған еді.

Сондай-ақ, еліміздің атынан 2012 жылғы байқауға қатысқан қарағандылық мектеп оқушысы Әсия Құсайынованың да жұлдызы жанған еді. Қазақстандық жас ғалымның ғылыми жобасы желде жұмыс істей алатын ықшам, көп қалақты жел турбинасы бірінші орын мен «Инженерлік жұмыстар арасында номинация бойынша үздік» атағына ие болған.

ЦИРК

«ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН!»

Алматыда 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай Қазақ мемлекеттік циркінде балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балалар үшін тегін цирк қойылымы өтті. Қала бойынша 1700 бала цирк қойылымдарын тамашалады.

Осылайша мереке қарсаңында қоғамның ең кішкентай мүшелерінің ерекше қуанғанына куә болып қайттық.

Мұндай игі шараны ұйымдастырушылардың бірі – қаңтар оқиғасы кезінде ерлік көрсеткені үшін «Құрмет» орденімен марапатталған қоғам белсендісі Дамир Аманжолов. Ол өзінің туған күнінде қаладағы 1700 балаға сыйлық жасап, циркке тегін билет сыйлады.

«Бүгін кәсіпкер Дамир Аманжоловтың бастамасымен Балаларды қорғау күніне орай 1700 балаға арналған цирк қойылымы өтті. Өзінің туған күнінде балаларға қуаныш сыйлаған Дамирге алғыс айтқым келеді. Бұл өте керемет бастама деп ойлаймын. Осы шаарамен тоқталып қалмайды. Болашақта балаларға арналған шаралар жиі ұйымдастырылады», – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Меңдіғалиев.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТҰРМЫС ЖАЙЛАНА БАСТАДЫ

Қаланың жартысынан көбі басқарудың жаңа форматына көшті

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Тұрғын үй саласындағы жаңа заңнамаға сәйкес, бүгінде елімізде ПИК-тердің орнына мүлік иелері бірлестіктері (МИБ) немесе жай серіктестіктер (ЖС) құрылып жатқаны белгілі.

Көпшілікке мәлім, заңдағы бұл түзетулер халықтың «ПИК дұрыс жұмыс істемейді» деген шағымынан туындаған болатын. Тұрғындардың ұсыныс-пікірлерінен соң елімізде «бір үй – бір бірлестік – бір есепшот» қағида-сы енгізіліп, басқарудың жаңа нысанын құру туралы шешім қабылданған. Сөйтіп, бұл туралы қазақстандықтар 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап көшуге кеңес ала бастаған-ды. Деректерге сүйенсек, бүгінде жалпы Қазақстан бойынша көппәтерлі үйлердің 90%-дан астамы жаңа жүйеге басқарудың жаңа формасына ауысып үлгерген.

Алматы – ірі тұрғын үй қоры бар алып мегаполис. Қазіргі таңда шаһарда 800-ден астам ПИК қызмет көрсететін 8,6 мыңға жуық көппәтерлі тұрғын үй бар. Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының тұрғын үй инспекциясы және тұрғын үйді жаңғырту бөлімінің басшысы Дастан Маусымбаевтың мәліметінше, 2023 жылдың 22 мамырдағы жағдай бойынша Алматыда 1352 МИБ және 4672 ЖС құрылған. Бұл шамамен 92%, яғни қаланың жартысынан көбі басқарудың жаңа форматына көшті.

Жалпыға ортақ жаңа заңнаманың жай-жапсарын зерттеп-зерделенген соң бұл мәсе-



ле Алматыда да мықтап қолға алынған. Нәтижесі жаман емес. Бүгінде қарапайым халық бұл жанапшылдықтың игілігін көре бастады.

Мәселен, бұрын ПИК-тің қарамағында болып, үйлерінің төбелерінен су ағып, жылу, су жүйелері шіріп, тіпті, кондоминиумге жататын алаңдар қараусыз қалған үйдің тұрғындары бүгінде МИБ, ЖС құрып, жиналған қаражаттарын өз үйлеріне мақсатты пайдалануға көшкен.

Қыста үйлері жылы, ыстық-суық суы үздіксіз ағып тұр. Жаңа реформаның арқасында жертөлдегі құбырларының барлығын уақытында жаңасына ауыстырып жатыр. Ауалары тап-тұйнақтай жабдықталып, балалар ойнайтын алаңдары мен үлкендер демалып, тынығатын орындары түгелдей тегіс тап-таза...

КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыда 1352 МИБ,
4672 ЖС құрылды.

Қалалықтар қаперіне!

Алматы тұрғындары мүлкті басқарудың жаңа нысандарын ашу бойынша барлық ақпаратты МИБ бойынша кеңес беру орталығынан ала алатынын еске салады.

Тұрғындарға керегі де осы емес пе?! Бірақ арамызда жалпыға ортақ заңнамаға немқұрайды қарап, көпшіліктің қатысуы маңызды жалпы жиналыстарға бармай, өзі тұратын үйде не болып жатқанын білгісі

БРИФИНГ

Сақтық шараларын сақтаңыз!

Қауіп-қатердің алдын алу маңызды

Айнабай
МӘДИ

Шаһар жағажайларынан суға шомылып, қатерге душар болған 17 адам құтқарылды. Соның ішінде Сайран көлінде құтқарушылардың жедел әрекетінің арқасында судан сақтанбай, қадағалаусыз қалған 6 бала ажалдан аман қалды.

Өңірлік коммуникациялық қызметте (ӨКК) өткен брифингте Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы, азаматтық қорғаныс майоры Әнуар Юсупов қатерді қаперге салатын өзекті маусымдық мәселенің мән-жайына тоқталды. Құзырлы басқарма басшысы жағдайға байланысты жан-жақты мәлімет беріп, сақтық шараларын қатаң ескертті, тілшілерді толғандырған сауалдарға жауап берді.

«Алматы қаласы мен тау бөктеріндегі аймақтарда 44 су қоймасы бар. Суға түсу маусымында қала мен оның маңындағы өзен, көл, арна, тоғандардың 12-сінде тұрғындар сақтық шараларын қатаң сақтап, қауіп-қатердің алдын алуы қажет», – деп мәлімдеді басқарма басшысы Ә.Юсупов.

Судағы жазатайым жағдайдың алдын алу мақсатында Төтенше жағдайлар департаменті республикалық судан құтқару қызметі мамандарымен, полиция қызметкерлерімен, Ұлттық ұлан әскери қызметшілерімен, судан құтқару құтқару қызметімен, сондай-ақ суда жүзде әбден машықтанған еріктілермен бірлесіп, рейттік іс-шаралар жүргізеді.

«Біз су айдындарындағы қоғамдық тәртіпті бұзғандардың барлығын әкімшілік жауапқа тартамыз. Мәселен, өткен жылы әкімшілік кодекстің 440-бабымен 63 адамға жалпы көлемі 790 мың теңге айыппұл салын-

Алматы құтқарушылары су айдындарындағы қауіпсіздікті күшейтті. Алматыда жаз мезгілі таяп, қала тұрғындары судың жылынуын күтпестен шомылуды бастап кеткендей. Осы ретте қалалық құтқарушылар судағы қауіпсіздікті сақтауға шақырып, жауапсыздықтың соңы ауыр зардаптарға апаратынын ескертті. Былтыр күшейтілген алдын алу (профилактикалық) шаралар нәтижесінде қала су айдындарында адам өліміне жол берілмеді.

ды», – деп сөзін сабақтады ТЖД басқарма басшысы.

Осы күні департамент БАҚ арқылы ауқымды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, барлық білім беру мен денсаулық сақтау нысандарында, жұртшылық мол шоғырланатын орындарда (ХҚКО, бекет, метрополитен, кинотеатрлар, т.б.), сондай-ақ шаһар күре жолдары бойында орналасқан смартборд пен LED-экранда бейнероликтер көрсетілуде. «Сайран» көлінің бойындағы (батыс және шығыс) және Қонаев қаласына шығатын жолдағы билбордтарда «Судағы қауіпсіздік» тақырыбында әлденеше электронды баннер орнатылды.

ТЖД мәліметінше, Алматыда балаларды жүзу дағдысына үйрететін 56 жүзу бассейні (оқу мерзімі 3 ай) бар. Сонымен қатар, қаланың жалпы білім беретін мектептерінің 6 бассейнінде тұрақты түрде оқу-жаттығу жүргізіледі. Бүгінде мұнда 6 мыңдай бала оқытылды. Жас өрендер суға жүзуді үйрену арқылы шынығып, судағы қауіпсіздік ережесін еркін меңгереді.

Айта кетерлігі, қалада «Даму бала» бағдарламасы іске қосылды, онда 3500-дей бала жүзуден тегін оқуға жазылды. Құтқарушылар қала тұрғындары мен қонақтарын су айдындарындағы қауіпсіздік ережесін сақтауға, сондай-ақ тыйым салынған жерлерде суға түспеуге шақырады. Шомылу маусымында суға түсуге тыйым салынған жерлерде «Суға шомылуға болмайды» тақырыбында 70 белгі, сондай-ақ ақпараттық мәндегі 11 тұғыр (стенд) орнатылды.

Суға шомылу құрғақтағы жаттығудан он есе жеңіл, әрі жан мен тәттің үйлесімін арттыратынын қаперге салғмыз келеді. Сұлу мүсін судан нәр алады. Дегенмен, су патшасы Сүлеймен де сақтанғанды сақтайды. Суда тынығайық, шынығайық, абай болайық.

СЕМИНАР



ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОЙМАЙДЫ

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Адам және қоғам» үкіметтік емес ұйымы «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» атты қалалық семинар өткізді.

Оның жұмысына білікті теологтар, дінтанушылар, сарапшылар, психологтар мен философтар қатысты. Сонымен қатар, Алматы қаласының 100-ге жуық жалпы білім беретін мектептері мен колледждерінің мұғалімдері де өткізіліп отырған 12 сағаттық оқыту семинарына шақырылды.

Дәл қазіргі уақытта біздің қоғамда діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп отыр. Оған жан-жақтағы мемлекеттерде орын алып жатқан түрлі жағдайларды мысал етуге болады. Жалпы, бұл тақырып өзінің өткірлігі мен өзектілігін жоғалтпайды, өйткені әлемде адамзат үшін күрделі проблемаға айналған терроризм мен экстремизм сияқты құбылыстардың көбеюі байқалады.

Семинар барысында осы факторларды ескере отырып, мамандар тарапынан деструктивті діни ағым идеологиясының қоғамға қауіптілігі және оған қарсы қолданылатын дәлелдер мен әдіс-тәсілдер, зайырлылық түсінігі, ғаламтор кеңістігінде күмәнді діни ақпараттардың таралуын болдырмау және

оған қарсы тиімді насихаттық жұмыстарды жүргізу әдістері және т.б. дін саласына қатысты маңызды ақпараттармен құлағар етті.

– Бүгінгі күні дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі діни экстремизм идеологиясының таралуының алдын алу, дәстүрлі емес діни идеологияның таралуына қарсы насихат жұмыстарын жүргізу болып табылады. Діни экстремизм идеологиясының таралуымен күрес барлығымыздың ортақ міндетіміз болғандықтан, жалпы білім беру мекемелері мен колледждердің мұғалімдері осы семинардан тәжірибе алып, өз жұмыстарына тиімді пайдаланады деген ойдамыз, – деді Дін істері жөніндегі басқарма басшысының орынбасары Ерғали Көшек.

Семинарға қатысушылар мамандардан нақты ақпараттар алып, дінаралық толеранттылық құндылықтарын бекіту және экстремизмнің алдын алу аса маңызды мәселе екендігі туралы пікір алмасты.

– Өткізіліп отырған семинардың маңыздылығы сол, қатысушыларға деструктивті діни ағымдардың ерекшеліктері, экстремистік және террористік ұйымдарға тартудың психологиялық әдістері туралы кеңінен қамтылды. Сондай-ақ, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және мемлекеттің өркендеуі үшін конфессияаралық келісімнің маңыздылығы жайлы да атап өтілді, – дейді «Нұр-Мүбәрак» Египет ислам мәдениеті университеті, Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл орталығының директоры Тимур Нүсіпханұлы.

Оқу семинарының соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табыс етілді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

АСЫҒА КҮТКЕН АЙНАЛМА

Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы маусым айында пайдалануға беріледі



(Басы 1-бетте)

Құралы ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті төрағасының орынбасары Жамбыл Бақтияр хабарлағандай, Үлкен Алматы айналма автомобиль жолын (ҰАААЖ) ағымдағы жылдың маусым айында ел игілігі үшін пайдалануға беруді жоспарлап отыр.

Ұзындығы 66 шақырымға созылған үш жолақты I-А санатты жол, қарама-қарсы бағытта да солай қарастырылған. Жалпы саны алты жолақ болатын ақылы автомобиль трассасында сағатына 120 шақырыммен жүруге рұқсат етілген.

Спикердің айтуынша, жоба түрік-корей консорциумы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шең-

зеңдеп, салды. Енді инвестор жұмсаған шығынын ақылы жол арқылы қайтаратын болады. Үлкен Алматы айналма тас жолына республикалық бюджеттен қаражат қарастырылмағанын атап өткен жөн», – деп жеткізді Автомобиль жолдары комитеті төрағасының орынбасары Жамбыл Бақтияр.

Спикердің сөзінше, ҰАААЖ-да жолақысын алудың ашық жүйесі қарастырылған. Жүйеде шығу және кіреберістерге шлагбаум болмайды. Оның орнына жол бойына өтіп бара жатқан көліктерді тіркейтін 24 бақылау пункті, 140-тан астам камера, 18 ауыспалы ақпараттық табло, 28 жол белгілері орнатылды.

«ҰАААЖ бойымен алдын ала төлем негізінде де, жүріп өткеннен кейін жеті күн ішінде төлеу негізінде де жүруге болады. Бұл мерзімнен асып кетсе, жүргізушіге

КЕРЕК КЕҢЕС

Көліктердің жолдан өткені туралы ақпарат базада 3 жыл бойы сақталады. Автожолға байланысты қосымша сұрақ туындаса, 1244 қысқа нөміріне хабарласып, ақпарат алуға болады.

14 ЕЛДІМЕКЕН АРҚЫЛЫ ӨТЕДІ

Брифинг барысында «ҰАААЖ Инвестициялар және операциялар» ЖШС-нің пайдалану және техникалық қызмет көрсету бөлімінің басшысы Нұрланбек Өмірбаев Үлкен Алматы айналма жолы мегаполис көшелеріндегі кептелісті азайтып, транзиттік ағынды қала сыртына шығаруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Аталған тасжол Алматы облысының Қарасай, Іле және Талғар аудандарындағы 14 елдімекен арқылы өтетін болады. Бұл жергілікті тұрғындар мен қала қонақтары үшін көлік қолжетімділігін жақсартады. Сондай-ақ, ҰАААЖ қаланы айналып өту уақытын қысқартуға мүмкіндік беретін кептелісі аз балама маршрутын ұсынды. Яғни ауыр жүк көліктері жүктерді тасымалдау кезінде уақытын үнемдеп, жұмыс тиімділігін арттыра алады. Сонымен қатар, экологиялық артықшылығын да атап өту керек. Көлік ағынын Алматы қаласынан тысқары жерлерге көшіру арқылы ҰАААЖ атмосфераға зиянды шығарындылардың мөлшерін азайтып, қала мен оның төңірегіндегі экологиялық жағдайға оң әсерін тигізетіні анық», – дейді спикер.

ЭКОНОМИКАҒА ТЫҢ СЕРПІН

Жол құрылысы барысында жоғары сапалы жабынға қол жеткізу үшін асфальтбетон төсеудің заманауи технологиялары қолданылған. «Үлкен Алматы айналма жолында барлық жағдай қарастырылған. Мысалы, құрылыс барысында жоғарғы сапалы материалдар мен жүк көліктерінің салмағын еш қиындықсыз көтере алатын асфальт жа-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖОЛ АҚЫЛЫ БОЛАДЫ

- Төлем Free flow жүйесі енгізілген аркалардан (БАКАД бойында ондай 12 арка бар) өткен кезде алынады. Онда автокөлікті динамикалық өлшеу жүйесі орнатылған. Бастапқыда еліміздің қазіргі тасжолдарындағыдай ишалабаумдар ұйымдастыру көзделген еді. Бірақ соңында басқару арқалары жұмыс істейтін, жылдамдық шегі де өлшенетін еркін қозғалысы бар жүйені орнату туралы шешім қабылданды. Деректердің барлығы тиісті органға бағытталады.
- Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің хабарлауынша, төлемді үш отандық банк – «Банк ЦентрКредит», Kaspi және Halyk Bank арқылы жасауға болады. Айналма жолдағы тариф бойынша заң жобасы жарияланды және қол қою кезеңінде тұр. Қазіргі уақытта белгілі болып отырғандай жеңіл көліктер үшін алдын ала төлем – 241,5 теңге шамасында болмақ.
- Автожол аумағында 2 метрологиялық станса және 221 камера орнатылған. Алынған деректердің барлығы Ынтымақ ауылы (Алматы облысы) маңында орналасқан операциялық орталыққа жолданады. Ақпарат трасса маңында орнатылған таблода көрініс табады.
- Жалпы, төлем сомасы бекітілген айлық есептік көрсеткішке және транспорт түріне байланысты қалыптасады. Сонымен бірге, БАКАД-қа іргелес жатқан аудандардың тұрғындары, атап айтқанда, Іле, Қарасай және Талғар аудандарының тұрғындары белгілі бір артықшылықтарға ие болады. Олар айлық абоненттік төлемді пайдалана алады.



БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

- БАКАД – Орталық Азиядағы бірінші халықаралық мемлекеттік-жекеменшік жоба. Сондай-ақ, ол мұнай-газ секторынан тыс еліміздегі ең ірі инвестициялық жобаның бірі.
- Мамандардың есептеуі бойынша, Үлкен Алматы айналма автожолы мегаполис көшелеріндегі көлік кептелісін 60 пайызға дейін жеңілдетеді. Одан бөлек, Қазақстан арқылы өтетін транзиттік бағыттардың бәсекеге қабілеттілігі артып, өткізу қабілеті жақсарады.
- Жоба Батыс Еуропа – Батыс Қытай трансконтиненталдық магистралінің бөлігі болғандықтан өңірлік және халықаралық сауда аясы кеңейеді.
- Айналма жол транзиттік ағынды Алматы аумағынан шығаруға мүмкіндік береді, нәтижесінде ауаның ластану деңгейі азаяды.

бындылары қолданылды. Бұл сондай-ақ, автомобильдердің мерзімінен ерте тозуын азайтуға және оларды оңай басқаруға көмектеседі. Сонымен қатар, жабын температураның өзгеруімен және ылғалдың әсерімен жақсы жұмыс істейді. Бұл жолдың әртүрлі климаттық жағдайларда тұрақты және қауіпсіз жүруіне мүмкіндік береді», – деп атап өтті Жамбыл Бақтияр.

Айта кетейік, түсіндіру жұмыстары алдағы күндері Алматы облысының Іле, Талғар, Қарасай аудандарында жүзеге асырылмақ. Онда барлығы 300 мыңға жуық көлік тіркелген. Бұл көліктер Үлкен Алматы айналма жолын пайдаланады.

ҰАААЖ – Қазақстан тарихындағы ірі инфрақұрылымдық жобаның бірі.

Оның құрылыс жұмыстары толық біткен кезде, Алматы облысының экономикасына серпін бермек, себебі, шамамен 300 млрд теңге инвестиция тартылады.

Бұл шағын және орта бизнеске мультипликативті әсер ететін болады. Яғни жол бойындағы сервис, ондағы көлік-логистикалық терминалдардың дамып, өнеркәсіптік кәсіпорындардың нарыққа қолжетімділігі артпақ.

Айта кетейік, Үлкен Алматы айналма автомобиль жобасы концессия механизміне сәйкес жүзеге асырылуда. Бұл дегеніміз, бір тарап екінші тарапқа объектілерді пайдалану немесе салу құқығын беретін келісім. Концессия әдетте мемлекеттер мен компаниялар арасында жасалатын, белгілі бір шарт пен мерзімге ие экономикалық құрал. Концессионердің пайдалану мерзімі – 15 жыл.

Концессионер «ҰАААЖ Инвестициялар және операциялар» ЖШС, оның құрылтайшылары «Алсис Аларко-Макйол – СК Экоплант – Корея Экспрессвэй» түрік-корей консорциумы.

берінде 2020 жылы іске асыра бастаған болатын. Тасжол қарқынды жұмыстардың толық ауқымда жүргізілуіне байланысты мерзімнен ерте пайдалануға берілмек.

«Қазіргі уақытта барлық жұмыстар толығымен аяқталған. Енді тек ақылы жүйені енгізу қалды. Келісім-шарттың талаптарына сәйкес мердігер компания жобаны өзі

әкімшілік шара қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, егер көлік құралы рұқсат етілген габариттен асып кетсе, онда ақпарат Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитетіне беріледі, онда рұқсат құжаттарының бар-жоғы тексеріледі, олар болмаса әкімшілік құқық бұзушылық болып есептеледі», – деді ол.



САРАПТАМА

Бүгін Ресейде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысы өтеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл Мәскеу сапарының салмағы тым ауыр. Себебі, II Еуразиялық экономикалық форум аясында еліміздің болашақ экономикалық тағдырына қатысты бірқатар түйткілді мәселелер талқыланды. Бұл жолы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысымен қатар ЕАЭО, ШЫҰ және БРИКС сынды ірі бірлестіктер арасындағы интеграция мәселесі сөз болғалы тұр. Оның үстіне, талқы тақырыбында «жаһандық экономикалық архитектуруаны қайта пішімдеу» деген сөздің тұруы да экономикалық форумның саяси астарын қалыңдата түскен.



МӘСКЕУ ФОРУМЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҮДДЕ қандай болуы керек?

МӘСКЕУ ҮМІТ АРТҚАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМ

Форумға 50-ден астам елдің өкілі, 2700-ден астам мемлекеттік органдардың, бизнес-қауымдастықтар, халықаралық ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысады делінген. Осының өзі Мәскеудің бұл іс-шараға зор үміт артатынын білдіреді. Соғыс және санкция жағдайында Ресей экономикалық қиыншылықтарды шешудің балама жолдарын белсене іздестіруде. Ресейдің жетекшілігінде құрылған Еуразиялық экономикалық одақ та өз тарихындағы аса күрделі кезеңде тұр. Сарапшылар аталған форум ішкі-сыртқы қиыншылықтарға тұс келген экономикалық бірлестік пен Ресейдің өзіндік проблемаларын жеңілдетуге бағытталған деп санайды.

Кеше өткен форумның алғашқы жиынында «ЕАЭО ішкі нарығы: қиындықтар мен даму перспективалары» деген атпен одақтың ішкі проблемалары талқыланды. Онда қатысушылар экономикалық одақ күрделі тарихи кезеңді бастан өткеріп жатқанын мойындай отырып, орасан зор экономикалық күйзеліс пен халықаралық құқық жүйесіндегі жаңа мәселелерге баға берді. Мүше мемлекеттердің экономикаларының тұрақты даму мүдделері көптеген жаңа талаптарды жарыққа шығарды. Оның қатарында одақ ішінде қолданылып жүрген сауда-экономикалық тетіктерді жетілдіру, интеграцияны тереңдету мен ортақ нарықтың жекелеген елдердің мүддесіне тиімді болуы мәселелерінің күн тәртібінде тұрғаны белгілі болды.

Ресей биыл Еуразиялық экономикалық одақтың төрағалық қызметін атқарады. Батыспен терең саяси және экономикалық қайшылығы оның ұлттық экономикасында дағдарыстар қаупін арттырып жіберді. Сондықтан да Мәскеу кез келген екіжақты және көпжақты диалог алаңдарын жаңа экспорттық нарық іздеуге бағыттады. Бұл тұрғыдан келгенде, кезекті форум арқылы ауқымды экономикалық бірлестіктердің басын біріктіріп, кең нарыққа жол ашу Мәскеу үшін таптырмас мүмкіндік болар еді. Санкция пакеттерін толассыз жаңартып жатқан Батыс елдерін қамтымайтын жаңа альянс құру бағытындағы іс-әрекеттері де осыны аңғартады. Сарапшылар пікірі мен іс-шараның мазмұнын ұштастыра пайымдайтын болсақ, «халықаралық ұйымдар арасындағы кең серіктестік желісін құру және жаһандық экономикалық архитектуруаны қайта пішімдеу» дейтін ұранның тегін емес екенін білеміз.

Аса ауқымды экономикалық форумның талқы тақырыбында тұрған «жаһандық экономикалық архитектуруаны қайта пішімдеу» дегенді қалай пайымдауға болады? Бұл туралы экономистер қазіргі жаһандық экономикадағы белгісіздіктер мен жаңа әлемдік тәртіп тұрғысынан қарайтын болса, саясаттанушылар мұны Ресейдің жүзеге асырғысы келетін ұлттық мүдде-

лері тұрғысынан таңдалғанын айтады. Айталық, саясаттанушы Пердехан Шәмшиев: «*Жаһандық экономикалық архитектуруаны қайта пішімдеу тақырыбының астарында Ресейдің ұлттық мүддесінің басым екендігі айқын. Себебі, Ресей өніміне жаңа нарық қажет. Сондықтан «экономикалық архитектуруаны қайта пішімдеу» астарында сыртқы нарықты іздестіруге деген талпыныс жатыр*», – деген пікір айтады.

ЕАЭО – ШЫҰ – БРИКС: Еуразиялық жаңа альянс бола ала ма?

Ауқымды халықаралық іс-шара аясында 7 бағытта 35 сессия өтпек. Солардың арасында Еуразиялық экономикалық одақ пен Шанхай ынтымақтастық ұйымы және БРИКС елдері арасында өтетін сессия көбірек назар аудартады. Өйткені, «ЕАЭО – ШЫҰ – БРИКС: Ашық интеграция диалогы» деп аталатын сессияда тараптар кең ынтымақтастықты дамыту және «жаһандық экономикалық архитектуруаны қайта пішімдеу» мақсатымен өткізілмек. Бұл шын мәнінде, Батыстың қатысуынсыз, еуразиялық аймақтық альянстың құрылуын көздейтін жоба. Дегенмен, Ресей ұсынған ауқымды жобаның жүзеге асуы күмәнді. Тіпті, қысқа мерзімді перспективада бұл тіптен мүмкін емес.

Өлбегте, Еуразиялық экономикалық одақ пен Шанхай ынтымақтастық ұйымы арасындағы диалогты дамыту жүйелі түрде қолға алынып жатқаны мәлім. Алайда, аса ірі бірлестіктер мен оған мүше елдер арасындағы мүдделерді ортақтастыру үлкен қиындықтарға тап болары сөзсіз. ШЫҰ бұл күнде әлемдік ЖІӨ-нің 30 пайызын, әлем халқының да басым көбін иеленген аса ірі халықаралық ұйымға айналды. Соған қарамастан, ұйым ішінде әлі де шешімін таппаған сұрақтар көп. Жакында ғана ұйымға мүше елдердің Сыртқы істер министрлерінің басқосыуында Қытай тарабы Үндістанмен арадағы қайшылықты ұйым шеңберінде оң бағытта шешуге дайын екенін жеткізді. Бірақ терең қайшылықты шешудің нақты ұсыныстары ортаға қойылған жоқ. ШЫҰ-на кейіннен мүше болған Үндістан мен Пәкістан арасында да ұзақ мерзімдік кереғар қатынастар ұйымның икемділігіне кедергі келтіреді.

Ал БРИКС елдерінің (Ресей, Үндістан, Қытай, Бразилия және Оңтүстік Африка) негізгі сауда серіктері қатарында АҚШ пен ЕО елдері басымдықта тұр. Дамушы елдердің көшбасшы бестігін Батыстың қатысуынсыз жаңа альянсқа топтау біріншіден, ұзақ мерзімді, екіншіден, орасан зор күшжігерді талап етеді. Бұл форумда кеңірек интеграциялық схеманы алға жылжыту үшін төлем жүйелерін біріктіру, елдер арасындағы өзара есеп айырысуда ұлттық валюталарды пайдалану, инновацияларды дамытуға жәрдемдесу және саудадағы озық тәжірибе алмасу мәселелерін қарас-

тырып көрмек. Бұдан тыс, өзара кедендік жеңілдіктер, көлік-логистика және энергетика салаларында ынтымақтасуды талқылайды. Егер БРИКС-тегі Ресей мен Қытайдан өзге үш мемлекеттің Батыс елдерімен ауқымды стратегиялық жобаларын ескерсек, жобаның болашағына деген күмән тіпті де күшейе түседі.

Саясаттанушы П.Шәмшиев аталған ұйымдардың мақсатының әртүрлі екеніне баса назар аударады. «ЕАЭО мен БРИКС экономикалық әріптестікті нығайтуға баса назар аударса, ШЫҰ аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді негізгі мақсат етіп құрылған ұйым. Сондықтан ЕАЭО мен БРИКС арасындағы экономикалық байланыстарды нығайту мәселесі өміршең. Мұнда Мәскеудің сыртқы саясатындағы барлық салалардағы интеграциялық байланыстарды саясилендіруге мүдделі болатындығын ескерген жөн», – дейді саясаттанушы. Бұған қоса, сарапшы Мәскеу мен Бейжіңнің сыртқы сауда қатынастарына қарай отырып та мүдде ортақтығы алшақ екенін айтады. «2022 жылғы мәлімет бойынша Қытай экспортының 16,2%-ы АҚШ-қа, 4,2%-ы Ресейге тиесілі. Бұл сандар ҚХР-дың Батысқа Ресейге қарағанда тәуелдірек екендігін көрсетеді. Сондықтан ШЫҰ мен өзге екі ұйымдар арасындағы байланысқа Пекин мүдделі емес. Себебі, Батыстың санкциялардың бір ұшы тиіп кетуі мүмкін», – деп көрсетеді.

АУҚЫМДЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ БІРЛЕСТІК: ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР

Ресей ұсынған жобалар мен интеграциялық бастамалардың (өзінің ұлттық мүдделерін басымдыққа ала отырып) Қазақстанның ұлттық мүддесі тұрғысынан жаңа сын-қатерлері де, тиімді жақтары да бар екенін айта кеткен жөн. Ең алдымен, ЕАЭО-ның өзге ірі бірлестіктермен байланысының тереңдеуі ұйым ішіндегі теңсіздіктердің жойылуына әсер етуі мүмкін. Айталық, одақ ішінде Ресеймен саудалық байланыстарда көптеген теңсіздіктер орын алған. РФ тарабы шын мәніндегі ауқымды экономикалық кеңістіктегі интеграцияны, өзара тиімді қатынастарды көздейтін болса, бұл оны ЕАЭО ішіндегі қатынастарда әділдік принципін сақтауға итермелейді.

Бұған қоса, қазіргідей экономикалық тұрақсыздық пен белгісіздік жағдайында, интеграциялық бірлестіктер арқылы экономиканы әртараптандыру мүмкіндіктеріне ие бола аламыз. Ең бастысы, ынтымақтастықтың негізгі бағыттары саналатын Үлкен Еуразиядағы көлік-логистикалық

мегажобаны іске асыру мәселесі ұлттық экономикамыздың әлемдік қатысуына жаңа мүмкіндіктер әзірлейді.

Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ пен Шанхай ынтымақтастық ұйымына теңдей мүше. Экономика мен тұрақтылықты негізгі бағыт еткен екі ұйымнан да белгілі деңгейде тиімді шарттарды қабылдауға болады. Ал аталмыш интеграциялық бірлестіктер турасында Қазақстанның позициясы қандай болуы керек деген сауалға сарапшылар былай дейді: «*Біз үшін экономикалық байланыстарды нығайтуға бағытталған кез келген халықаралық бастама тиімді. Астана үшін осы бағытта жұмыс жасап, бастамалардың саясиленбауы маңызды. Себебі, біздің ел Ресей үшін Батыстың санкцияларды айналып өту алаңына айналмауы қажет. Қазақстан экономикалық байланыстарды нығайтуға бағытталған халықаралық бастамаларды қолдай отырып, отандық өнімдердің сапасын арттыруы, оларды экспортқа бағыттауы қажет. Үкімет осы бағытта жұмыс істеп, біз өзге елдерге шикізаттан басқа қандай дайын өнім ұсына аламыз деген сұраққа жауап іздеуі керек*», – дейді Пердехан Шәмшиев.

Басты қауіп – Қазақстанның аталмыш аймақтың альянс шеңберінде батыстық ірі экономикалық әлемнен шеттеп қалу қаупі. Сондай-ақ, Ресейге қарата ай сайын артып бара жатқан санкция қысымдары да онымен экономикалық ортақ бірлестіктегі еліміз үшін үлкен қолайсыздықтар алып келуде. Бұл тұрғыда біз сыртқы саясаттағы көпвекторлықты және экономикадағы әртараптандыруды басты құндылық ретінде ұстануға тиіспіз.

Бұдан бұрынғы ШЫҰ-ның СІМ басшылары отырысы, Сианьдегі «Орта Азия – Қытай» саммиті, енді міне Мәскеудегі Еуразиялық Экономикалық Форум, бұның бәрі Қазақстанды және оны қамтыған Орта Азия аймағындағы түрлі байланыстардың, ірі масштабтағы ойындардың аса қарқынды екенін тағы да айқындай түседі. Бұл біздің елге де жаңа міндеттер жүктейді. Форум еліміздегі көзіқарақты жұртқа «Жаңа жаһандық экономикалық ландшафттың көтерілуіне куә болып жатырмыз ба, әлде саяси үйектенудің процесі жүріп жатырма?» деген сауал тастағандай. Елдің экономикалық болашағына, тұрақты дамуына, қауіпсіздік пен азаматтардың өмір сүру сапасына қатысты осы сұрақтарға қоғам ертерек жауап іздеуі керек. Өрі билік пен қоғам ортақ пікірді барынша ертерек қалыптастыруы да айрықша маңызды.



Естай БОЖАН,
сарапшы.



● САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ

ХАМИТ ЕРҒАЛИ ЖАҒАЛАУЫ жөндеуді қажет етеді

Алматы шаһарының көркін келтіріп тұрған табиғат ғажаптарының бірі – су арналары. Мұның қалаға берер пайдасы зор. Ең бастысы, олар аптап ыстықта ауаны ылғалдандырады, сыңғырлаған су көңілге жайлылық береді. Осындай жағдайды ескеріп, суағарды таза ұстаған абзал.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазір күн ысып келеді. Ағаштар бүршік жарды. Жер беті құлпыра бастады. Гүл отырғызылып, көшелердің шырайы кіруде. Алайда, Есентай өзеннің жағдайы мез емес. Осындай ыңғайсыз ахуал көптен бері тұрғындар назарына ілініп жүрген еді. Бізге де талай мәрте айтып, өтініш білдіргендер болды. Оны өзіміз де көзбен көріп, ойға түйген едік. Осы жағдайларды рет-ретімен баяндауды жөн көреміз.

Су арнасының жағдайы нашарлап барады

Хамит Ерғали жағалауына күрделі жөндеу жұмыстары қажет болып тұр. Тұрғындардың өтініштерін ескеріп, аталған мәселеге тереңірек үңілейік. Уақыт өткен сайын су арнасының жағдайы нашарлап барады. Себебі, арнаның екі жақтауында тұрған бетон, цементтен құйылған төртбұрышты жалпақ тастар әбден тозған. Кейбірі сынып, келесі біреуі су ағатын жолға құлап жатыр.

Хамит Ерғали жағалауының әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әл-Фараби даңғылының тұсынан бастап, Абай даңғылына дейін кесіп өтетін аралықты жүріп көріңізші. Бұл аралық нағыз кісі қарасы көп шоғырланған аумақ. Әсіресе, жастар көп жүреді. Кейде былкылдап тұрған ернеуіндегі бетон тақтайшаларын көріп алаңдайсыз. Құдды бір 2-3 метр болатын тереңдікке құлап кететіндей. Осындай оқиғалардың алдын алған жөн. Өйткені, көктем, жаз айларында су ағысы қатты болады. Осы кезде қызық көріп, бала-шаға жиекпен жүгіріп ойнайды. Осыны көріп, көңіліміз алай-дүлей күйге түседі. Біздің ниетіміз тұрғындардың талап-тілегін негізге алып, құлап тұрған қабырғаларын қайта цементпен бекітіп, сынып, мүлде жарамай тұрған қауіптісін ауыстырса дейміз.

Арна іші тазарса екен

Қоғам қайраткері, ақын Хамит Ерғалидың атымен аталатын жағалау заманауи талапқа сай болса екен. Су арнасының жолында тау-тау болып үйілген қайыр болып жиналған топырақ көп. Кейбіріне арам шөп, қамыс, шым өскен. Оның айналасында жүріп-тұру қолайсыз.

Қазір нағыз қыдыруға ыңғайлы кез. Жұрт кешкісін тау самалымен серуендегісі келеді. Қол ұстасқан жастар, самокат, ролик тепкен жасөспірімдер, бәрі-бәрі кешкі Алматының сәнін келтіреді. Қызылды-жасылды шамдар, жүйтікпен көлік баршасы сондай үйлесім тапқан. Алайда, осы бір көріністі бұзатын нәрсе көп. Ол – әлгі қайырдан жиналған шалшық су, оның айналасына топтасқан бақа-шаян, аз күнде шыбын-шіркей қаптайды. Күн ысыған сайын небір зиянкес жәндіктер шығады. Сондықтан тазалық хәм дезинфекция жасалса дейміз.

Су арнасының Тимирязев, Сәтбаев бойын кесіп өтетін тұсындағы шалшық су, үйілген топырақ пен қоқыс та жағалаудың сәнін бұзып тұр. Енді біреу уақытта, қыстай жиылған қар суы жіберіле бастайды. Оған дейін әлгі кедергілерді оналтайық. Сонда ғана адамға қолайлы әрі таза су мөлдіреп ағатын болады. Бұндай игі іс қаланың көркіне нұр берері анық.



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ердәулет ҚОҢЫРОВ, зейнеткер:

Жақсылық көрсек, қуанамыз

Көктем табиғаттың түрленіп, ағаштардың бүршік жаратын кезі. Жылғада су ағып, арықтарға су жіберіле бастайды. Тауға жиналған қар суы ери бастады. Алматыда тұрғаныма 40 жылдан асты. Қалаға әбден үйреніп алдық. Ол уақытта шаһар тіпті жап-жасыл еді. Алма ағаштарының самсап пісіп тұрғанын көрдік. Бала кезде тау жаққа барып, «апорт» жейтін кездерді өткердік. Соның бәріне таудан аққан су пайдаланылатын.

Бүгінгі шаһардың шырайы мүлдем бөлек. Жыл сайын жаңадан көшеттер отырғызылады. Инфрақұрылымдарда игі өзгерістер бар. Тұрғындар саны артты. Кей кездері сыртқа шығып серуендеп, таза ауамен тыныстаймыз. Міне, сол уақытта қираған, сынған ағаштар, арам шөп өскен Хамит Ерғали жағалауын көріп көңіл құлазиды. Жуырда көктемгі жөндеу-тазалау жұмыстары жүргізіліп жатқандығын көрдім. Дәлірек айтқанда, М.Әуезов театры маңындағы су арнасына тазалық жасалып, үлкен техника, «КАМАЗ»-ға қоқыс артылып жатқандығын байқадық. Көптен бері сынған бетонды көріп, қайта жөндеуден өтсе деген ниетте болдық. Ендігі кезекте осындай игі істер жүзеге аса берсе деген ойдамыз.

Омарбек ЕРКЕБҰЛАН, Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының бас маманы:

Нақты істер қолға алынды

Алматыда өзен арналарын механикалық тазалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Экология және қоршаған орта басқармасы биыл наурыз айында Сайран, Қарасу және Әуешай өзендерін механикалық тазалау жұмыстарына кірісті. Су қоймалардың түбін құрғату үшін оларды сумен қамтамасыз ететін Есентай, Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің ағысы тоқтатылды.

Маусым айының соңына дейін Есентай өзенінің әл-Фараби даңғылынан Шевченко көшесіне дейінгі бөлігін механикалық тазалау жұмыстарын аяқтау жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Есентай өзенінің әл-Фараби даңғылынан Рысқұлов даңғылына дейінгі аралығындағы кейбір бөліктерге күрделі жөндеу жүргізуге жобалық сметалық құжаттама әзірлеуге бюджеттік өтініш берілді.

Сондай-ақ, Үлкен Алматы өзенінің №1 тұндырғыштан Абай даңғылына дейінгі бөлігін, Есентай өзенінің әл-Фараби даңғылынан төмен кейбір бөліктерін, Есентай өзенінің «Дорожник» ықшамауданы мен өндірістік база маңындағы бөліктері, Кіші Алматы өзенінің әл-Фараби даңғылынан Сәтбаев көшесіне дейінгі абаттандырылған бөлігін санитарлық тазалау, күтіп-ұстау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жалпы, Алматы қаласының аумағында 109 белсенді ағынды су бар, оның ішінде ірі 49 өзеннің жалпы ұзындығы 447 км құрайды. Еске сала кетейік, былтыр Алматыда жалпы ұзындығы 14 км құрайтын өзен жағалауы бекітіліп, абаттандырылған болатын. Соңғы жылдары ұзындығы 206 км құрайтын жағалауды бекіту жұмыстары жүргізілді, енді тағы 127,7 км жағалау бекітуді қажет етеді.

Механикалық тазалаудың негізгі мақсаты – су қоймаларының табиғи биологиялық процестерін сақтап, экологиялық тепе-теңдікті қалыптастыру.

Жаман сөзді өшірсек

Жағалауда бейәдеп сөздер жазылған қабырға көп. Оны жазып жүрген өзіміздің жасөспірімдер екені ақиқат. Осы қалаға, қала берді, өз ауласына жаны ашитындар мұндай қылыққа бармаса екен. Өйткені, әлгі жерден жас та, жасамыс та өтеді. Анығырақ айтқанда, Тимирязев көшесінен төмен 200–300 метр аумақтағы су арнасының қабырғалары көрсек көзің ұялатын әдепсіз сөздерге толып тұр. Мұндайға жол бермейік.

Алматы – туристер мен сырттан келген саяхатшылардың ең көп келетін шаһары. Олардың арасында осы жағалаумен қыдырғанды ұнататын жандар көп. Сондықтан талайлардың арманына айналған өлкені әспеттеуге тиіспіз. Біз қала тұрғындарының әрбір оқиғаға бейжай қарамайтынына сенеміз.

Сондықтан жас бала жаман сөзге үйір болғанша, білім мен ғылымға көңіл бөлсе, нұр үстіне нұр. Себебі, сүйікті қала Алматы бәрімізге ортақ хәм ыстық ұя.

● ТҮЙІН:

*Есентай өзені қаланың
қақ ортасынан ағып
жатыр. Су арнасы төменге
қарай құлдилай береді.
Сондықтан шаһардың
шырайын ашып тұрған
Хамит Ерғали жағалауы
жаңарса дейміз. Ендеше,
өзен арнасы жөндеуден
өтіп, айтылған мәселе
шешімін табады деп
сенеміз.*

● ӨЗЕКТІ!

Энергетикалық сусындарды көп адам жұмысын тезірек аяқтау үшін ішеді. Иә, кейбір адам бұл сусындардың құрамында болатын кофеиннің жоғары деңгейін жақсы көтереді, әрі бұл оларға қосымша қуат береді. Бірақ ағзаға өте зиян екенін айтып, дәрігерлер дабыл қағып жатса да, елемейтіндер көбейген.

«СЕРГІТКІШ СУСЫН»

күшінді тасыта
ма, әлде кеміте ме?

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Терапевтер, кардиологтар ғана емес, енді хирургтар да энергетикалық сусындарды шамадан тыс пайдаланудың кері әсерін айтып, алаңдаушылық білдіріп отыр. Себебі, кейінгі жылдары энергетикалық сусынды тым көп пайдаланатындар арасында хирургиялық патологиясы бар науқастар көбейген. Энерготониктің жоғары қышқылдығы және осы газдалған сусындағы шамадан тыс қант мөлшері асқазанның тітіркенуін, ауырсынуын және метеоризмді тудыруы мүмкін. Энергетикалық сусынның құрамындағы кофеин ауыр гастрит тудырады, бұл асқазан, ішекте қабыну, ауырсыну, жаралар мен эрозиялар және қан кету сияқты белгілерді тудыруы мүмкін.

Өздеріңіз білетіндей, энергетикалық сусындардың құрамында кофеин мен таурин бар, олар дененің резервтік қуат қорын еш қайтарымысыз пайдаланады, ал оны шамадан тыс тұтынған кезде адам ағзасына зиян келіп, ағза әбден сарқылады. Энергетикалық тониктің кері әсері анықталды. Жалпы, әлсіздену және апатия, сондай-ақ жүрек-қантамыр жүйесінің күйіне кері әсері, сусынды шамадан тыс ішкен кезде ол гипертониялық кризді, тахикардияны және жүрек аритмиясын тудыруы мүмкін. Ең алаңдатарлығы сол, бүгінде ата-ана мен мемлекет тарапынан жеткілікті бақылаудың жоқтығынан жасөспірімдер кез келген сауда нүктесінен энергетикалық сусынды сатып ала алады.

Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы сауалнама жүргізген екен. Оған Қазақстанның 20 өңірінен 11–15 жас аралығындағы 8,5 мыңнан астам оқушы қатысқан. Нәтижесі мынадай: елімізде 11–15 жас аралығындағы жасөспірімдердің шамамен 45%-ы энергетикалық сусынды ішіп көрген, көмелетке толмағандардың шамамен 3%-ы күн сайын энергетикалық сусынды ішеді әрі бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді. Балалардың 17,5%-ы энергетикалық сусынды аптасына бес-алты рет тұтынады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Абылай БАЙМАХАНОВ, жоғары санатты хирург:

– Кейінгі кездері асқазанның жедел ойық жарасы мен эрозиясынан жедел қан кетудің ауыр түрімен түскен жас жігіттерді байқап жүрмін. Сондай-ақ, қабылдау бөліміне іштің түсініксіз ауыруы, жүйке козуы, мазасыздану, жүрек айнуы, дәреті бұзылған жас жігіттер жүгінеді. Мұның бәрі абдоминальды органдардың жедел хирургиялық ауруларын диагностикалауда қиындықтар тудырады, хирургтар мән-жайды анықтау үшін диагностикалық лапароскопияға жүгінетін жағдайлар болады. Барлық дерлік жағдайды талдап, сөйлескен кезде көп адам энергетикалық сусынды күніне 3-4 банкаға дейін ұзақ уақыт қабылдағанын айтқан. Бәріміз ересек адамбыз ғой, ойланайық.



БРИФИНГ

1 МАУСЫМДА – СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!

4, 9 және 11-сынып оқушылары үшін салтанатты іс-шара өткізіледі

Кезекті оқу жылының аяқталуына орай, Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Жанат Айтпаева бұқаралық ақпарат құралдарына арнап брифинг өткізді. Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, оқу жылының соңында шаһарымыздағы білім мекемелерінде 4, 9 және 11-сынып оқушылары үшін салтанатты іс-шара өткізіледі.

— Енді жақын күнде қаламыздағы 313 мектеп, 12 мектеп-интернат пен 85 техникалық және кәсіптік білім мекемелері кезекті оқу жылын аяқтағалы отыр. Қазіргі таңда бұл мекемелерде 400 мыңнан астам оқушы мен тәрбиеленуші білім алуда.

Өздеріңізге белгілі, биыл Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес оқу жылы 31 мамырда аяқталады. Биылғы жылдың бір ерекшелігі — соңғы сабақ күні барлық мектептерде бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп, сынып сағатымен аяқталады. Өткізілетін сынып сағаты бәріміз үшін аса маңызды болмақшы. Ондағы басты мақсат — оқу жылын қорытындылап, балаларды жазғы демалысқа әзірлеу болып отыр, — деді Жанат Айтпаева.

Сонымен, өткізілетін сынып сағаттарының сценарийлерін педагогтар әр сыныптың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше әзірлейтін болады. Мәселен, сынып жетекшілері балаларға жаз бойы оқитын кітаптар тізімін, сондай-ақ балалар көретін фильмдер тізімін ұсынады. Жазғы демалыс кезінде үйде немесе демалыс орталықтарында қауіпсіздік шараларын сақтау мәселесі де қатаң қадағаланбақшы. Сондай-ақ, алдын ала жоспарланып ұйымдастырылған демалыстың артықшылықтарын, қосымша білім беру ұйымдарына қатысудың тиімділігін, еңбек етудің пайдасын, ата-анаға, ата-әжелеріне көмектесудің қажеттілігі туралы да кеңінен қамтылмақшы.

Жоспарланып отырған сынып сағатында негізінен патриотизм, Отанды сүю,



Суретті түсірген Samat SERIKBAIYULY.

достық, татулық, ел тарихына, саяси репрессия мен аштық құрбандарының есімдеріне құрмет таныту тақырыптарына басымдық берілуі керек.

— Біз оқу жылының аяқталуы бойынша салтанатты іс-шараны өткізуге қатысты барлық мектептің өзіндік дәстүрін қолдай отырып, салтанатты жиын өткізу туралы шешімнің дербес қабылданатынын хабарлаймыз, — деп толықтырды қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары.

Келесі кезекте Жанат Жәнісбекқызы 2022-2023 оқу жылында 28 мыңнан астам түлектің 9-сыныпты, ал 14 мыңнан астам түлектің 11-сыныпты бітіретінін жеткізіп, сынақ емтихандарына тоқталды.

— 9-сыныпты бітірушілер үшін қорытынды емтихандар 2–13 маусым аралығында, 11-сыныпты бітірушілер мемлекеттік емтихандарды 5–19 маусым аралығында тапсырады. Дәл қазіргі уақытта мектеп түлектері 18 мамырдан 5 шілдеге дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында ҰБТ сынағын тапсырып жатыр.

Жалпы орта білім беру туралы аттестатты 11-сынып түлектеріне тапсыру салтанаты мектеп қабырғасында 20–22 маусымда өткізілсе, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары диплом тапсыру салтанатын 28 маусым мен 1 шілде аралығында өткізетін болады.

Салтанатты жиын барысында педагогикалық этиканы сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында түрлі іс-шараларды өткізуге, аниматорларды, демалыс агенттіктерін, жеке студияларды тарту үшін ата-аналардан қаражат жинауға жол берілмейді. Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлық ретінде қаражат жинауға тыйым салынады, — деп ескертті Білім басқармасы басшысының орынбасары.

Алматыда 270 мың бала жазғы лагерьлерге барады.

Оқушылардың жазғы демалысы қалалық әкімшіліктің басты назарында. Мәселен, 270 мың баланың жазғы демалысы

жан-жақты зерделеніп, нақты жоспарланды. Бұл балалардың шамамен 99%-ы, оның ішінде 35 мыңнан астам бала әлеуметтік осал санатта. Бұл мақсатта 209-дан астам мектеп жанындағы және 20-дан астам қала сыртындағы лагерьлер жұмысы да өз жұмысын бастауға әзір.

Қаланың 8 ауданының әкімшілігі мектеп жанындағы лагерь балаларын театрларға, мұражайларға, кітапханаларға тегін апару жағын қарастырып отыр.

Сонымен қатар, Оқушылар сарайының 750 баланы қамтуға мүмкіндігі бар «Өрнек» лагері де жаз бойы жұмыс істейтін болады. Мұндағы демалыс кезіне балаларға арналған секциялар, клубтар, үйірмелер, еңбек топтары, экскурсиялар жан-жақты қарастырылған. Сәтін салса, демалыс кезінде 60 мыңнан астам бала қамтылады.

Жаз бойы Оқушылар сарайы мен қаламыздағы 7 Оқушылар үйінде 14 мыңнан астам бала спорт секцияларымен, техникалық және көркемөнер үйірмелерімен, сондай-ақ дойбы, шахмат, үстел теннисі, бокс, күрес, гимнастика, домбырада ойнауды үйрену, би, футбол және басқа ойындармен қамтылады.

Бұдан басқа, балаларға қосымша білім беруге арналған мемлекеттік тапсырысқа сәйкес 86 жекеменшік қосымша білім беру ұйымдарында 5500, ал «Аула клубтары» көмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшелерде профилактикалық есепте тұрған, сондай-ақ қолайсыз және аз қамтылған отбасылардың 8500-ге жуық жасөспірімін қамтиды.

Сонымен қатар, жазғы демалысты ұйымдастырудың және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету үшін Білім басқармасына, білім беру ұйымдарына нұсқаулық хат жолданды. Хатта мектеп жанындағы лагерьлерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар, нұсқаулықтар, жадынамалар бар, олардың қызметін санитарлық-медициналық және санитарлық-гигиеналық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар енгізілді. Жақын күнде ювеналды полиция тарапынан мектеп жанындағы лагерьлерге инспекторлар бөлініп, балалардың жолдағы, су қоймалары маңындағы қауіпсіздігі бойынша дәрiстер өткізетін болады.

РОТАЦИЯ

ТЕКСЕРУ БАСТАЛДЫ

Елімізде білім жүйесін тексеру жұмыстары басталды. Осыған орай, бұл іс-шараның не үшін екенін Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев түсіндіре келе, сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес білім беру саласындағы басты басымдықтардың бірі екенін атап өтті.

— Оқу-ағарту министрлігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарын қаржыландырудағы коррупциялық тәуекелдерге сараптама жүргізуді

бастады. Мұндағы алдын ала алынған мәліметтер бойынша конкурс рәсімдерінде, жұмысқа орналасуда, балаларды балабақшаға, мектепке қабылдауда, сондай-ақ ұйым директорларының ұзақ уақыт бір қызметте отыруында сыбайлас жемқорлық

тәуекелі бар екені белгілі болды. Сондықтан ендігі жерде лауазымды бір қызметті жеті жылдан аса уақыт кезеңінде атқарып келе жатқан басшылардың барлығын тексеру туралы шешім қабылданды, — дейді Ғани Бейсембаев.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының директорларын тағайындау рәсімдерінің жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында министрлікте жоғары білікті мұғалімдердің базасы мен мектеп директорларының кадрлық резерві қалыптастырылатын болды.

ОТБАСЫЛЫҚ ЭСТАФЕТА

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасымен Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры «Әкем, анам және мен» атты отбасылық эстафета өткізді. Бұл сайыс жыл сайын осы мезгілде өткізіліп отыратын нағыз отбасылық мереке. Аталған спорттық сайыстың ерекшелігі, мұнда тек балалар мен олардың ата-аналары ғана қатысады.

Биылғы спорттық іс-шараға қаланың сегіз ауданынан бірнеше отбасы қатысты. Мәселен, құрсаумен жүгіру, бұқа тарту, арқанмен секіру, капитандар ойыны, допты кепілмен ұру, сакинаға лақтыру, теннис добымен жүгіру, асық ату, бес асық, қаппен жүгіру — кенгуру сияқты түрлі сайыстар бойынша жарысты.

Спорттық сайыс қорытындысы бойынша эстафетаның жеңімпаздарына бағалы сыйлық табыс етіліп, мақтау қағазымен марапатталды.

Ажар БАУЫРЖАНҚЫЗЫ.

«ӘКЕМ, АНАМ ЖӘНЕ МЕН»



ТАЛАПКЕР-2023



БИЫЛ ҚАНША ГРАНТ БӨЛІНДІ?

Биылғы талапкерлерге бөлініп отырған грант санының қанша екені де белгілі болды. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейінде оқуға бөлінген білім беру гранттарының жалпы саны — 88 мың. Осы гранттың жартысынан астамы, дәлірек айтсақ, 60 пайызы инженерлік-техникалық мамандықтарға бөлініп отыр.

Сонымен қатар, білім гранттарының 73 000-ы бакалавриатқа, 13 мыңы магистратураға, ал 1890-ы докторантураға бөлінді. Сонымен қатар, 13–20 шілде аралығында түлектердің құжаты грантқа қабылданып, грант иегерлерінің тізімі 10 тамызға дейін белгілі болады. Жалпы, биыл жоғары оқу орындарына қабылдау 25 тамызға дейін жүргізіледі.

Ал дәл қазір еліміз бойынша 2023 жылғы Ұлттық бірыңғай тестілеудің негізгі кезеңі басталды. Бұл

сынақ 18 мамырда басталып, 5 шілдеге дейін жалғасады. Екі талпынысты есепке алғанда 166 мыңнан аса үміткерден 305 мың өтініш келіп түскен. Жалпы, талапкерлер негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсыруға құқылы. Олардың сынақтағы жоғары балы соңғы нәтиже болады. Түлектер ең жақсы нәтижемен грант иелену үшін конкурсақа қатыса алады. Биыл бұл норма заңдық тұрғыда бекітіліп отыр.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

«ҚАРА ҚЫЗ» – КАНН ТӨРІНДЕ



Белгілі кинорежиссер Талғат Теменов «Қара қызын» Канн фестиваліне алып кетті. Бұл туралы Facebook парақшасында жазды.

«Түнгі 3, тағы да жол, тағы да аэропорт... Ойлап қарасам, мен осылай түнде-летіп, таңдатып, кештетіп ұшқаным қаншама уақыт болды... Білгі да осылай сапар шегемін. Қаншама ел, қаншама қаланы көрдім. Араладым, дәм таттым. Шүкір! Адам өмірінің өзі сапарлардан, жолдардан, соқпақтардан тұратын сияқты. Ақанның әні секілді «Жат жерде талайлармен болдым таныс...». Каннга бара жатырмын... Бір көрген біліс, екінші көрген таныс дейді. Сол таныс қала, таныс Канн... Жастау кезде өзіңмен танысқам. Бұл сапар маған не береді, несімен қуантар?! Білмеймін. Білетінім, мен үлкен дүние – сұлу да сүйкімді «Қара қызды» сендерге таныстырамын... Ал ар жағы өздеріңе байланысты. Қош көрдің, Канн!», – деп жазды режиссер.

«Қара қыз» әскери драмасында сарбаздың соғыстағы ерлігі, махаббат, патриотизм, қазақ қыздарының батылдығы суреттеледі. Фильм түсірілімі Солтүстік Қазақстан облысында басталып, Алматы облысы, Ақши ауылында жалғасқан болатын. Кинодағы оқиғалардың атмосферасын осы екі өңірдің ландшафты дәл береді деген мақсатпен таңдалған екен.

Басты кейіпкер Асқарбектің рөлін жас актер Ерлан Құлмұрзин, ал «Қара қызды» Нұрай Сақтағанова сомдайды.

Алматы облысындағы түсірілім жұмыстарына Ақши ауылында 15 ауыл, теміржол, диірмен, мектеп, клуб, пошта салынған екен. Бір жарым айға жалғасқан құрылыс жұмыстарына 10 адам жұмылдырылыпты. Декорация құру жұмыстарының жетекшісі Еркен Сүлейменов тұрғызылған үйлердің сол күйі қалатынын айтқан. Яғни оларды фильм түсіргісі келетін жастар қолдана алады деген сөз.

Сөз соңында «Қара қызға» халықаралық бір жүлде бұйырсын деп тілейміз.

ҚАЗАҚША ӘНГЕ ҚҰМАР СОНГ ВОН СОБ

Сонг Вон Соб деген корей жігіті қазақ әндерін өз тілінде орындап жүр. Әсіресе, жаңадан жарқ етіп жанған жұлдызымыз Мирас Жүгіні-совтің лирикалық туындыларын шырқап жүрген видеолары әлеуметтік желіде өте көп және біздің тыңдармандардың оған деген ықыласы да ерекше.

Бұған дейін орыс әндерін айтып жүріпті. Қазір қазақ музыкасына ынтық екенін жасырмайды. Репертуарында Қазақстан Республикасының «Таптым-ау сені», Батырхан Шүкеновтің «Твой шаг», «Дождь» әндері де бар. Былтыр Алматыға келіп, парақшасында біздің қала туралы алған әсерімен де бөліскен болатын.

Cover әндер айтатын корей жігіті өзінің отандастарына да ән жазады екен. Жуырда Сеулде Орталық Азия елдерінің көктем фестивалі өткен болатын. Онда көрермендер қазақтың ұлттық тағамдарымен, ойындарымен, кітаптарымен және музыкасымен танысты. Келушілердің бәрі қазақша жазулары бар жейделерді тегін алған. Былтырдан бері жергілікті корейлер қазақ әндерін кеңінен тани бастаған. Оған дәнекер болған да осы Сонг Вон Соб.

Ол Қазақстанға келген екінші сапарында сыйға домбыра алған болатын. Сол кезде «бұл аспапта ойнауды үйреніп



жүрмін, домбырамен де ән салатын боламын» деген-ді. Сөзінде тұрыпты. Жуырда ол әлеуметтік парақшасына домбыра шертіп отырып, біздің «Сыған серенадасын» корейше орындап шыққан видеосын жүктеді. Тыңдармандар жылы лебіздерін жарыса жазып жатыр.

Сонг Вон Собтың қазір Instagram-парақшасында 95 мың оқырманы бар. Ал YouTube-арнасынан 600 мыңнан асатын көрермені тыңдайды. Әншінің тіпті жанкүйерлері ашқан фан-парақшалары да бар.

КӨРМЕ

ДАЛА ПАТШАЙЫМЫ



Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде суретші Зәуре Смағұлованың «Азия – алтын бесігім» атты жеке көрмесі ашылды.

Оған суретшінің жиырмадан астам туындысы, атап айтсақ, gobelenдер, сәндік картиналар, абстрактілі композициялар, натюрморттар мен пейзаждар қойылған.

Көрме жетекшісі, аталмыш музейдің «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімінің ғылыми қызметкері Нұржамал Нурфеизова суретші шығармашылығында шеңбер, спираль, айқыш, тіршілік ағашы сияқты ежелгі архетиптердің стилизациясын шебер қолдана отырып, өзінің көшпенділер үшін «Жерұйық» болып табылатын Ұлы даланың мәдени дәстүрлеріне деген адал сезімін білдіреді дейді.

«Дала патшайымы», «Құдайлардың күйреуі», «Қалыңдық» атты gobelenдердің көркемдік мәнін білдіретін дәстүр сабақтастығы мен ұрпақтар байланысын көрсетеді. «Жылтылдаған жұлдыздар», «Қала шамдары», «Шілде шуағы», «Ақ және қара» gobelenдерінің абстрактілі

композициясы көркем түйіндеудің барынша ықшамдалған тілімен және керегарт түстермен ерекшеленеді. Адамның билеп тұрған бейнесіне ұқсаған ырақты ілген сызықтар ақшыл сары және бозғылт фонда айқын көрінеді», – дейді музей өкілі.

Көрмеде сонымен қатар, Зәуре Смағұлованың көгілдір, көк, көгілдір ақ, күміс-сұр реңктер мен бояулар үйлесімімен монохромды түстер гаммасында орындалған сәндік картиналары ұсынылған. Көрме 16 маусымға дейін жалғасады.

МУЗЕЙГЕ ТАРТУ

Бүгінгі күні Алматы музейінде әр кезеңде, әр жылдары жиналған 37 мыңнан астам құнды жәдігер бар. Оның бәрінің, әлбетте, жеке-жеке тарихы, сыры да бар. Алматы музейі тағы бір жәдігерлермен толықты. Дәлірек айтсақ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейісова өзіне ерекше қымбат болып келген біраз дүниесін сыйға тартты.

– «Ару Алматымызға бір кісідей еңбегіңіз сіңді ғой. Біздің музейде де сіздің қолданған заттарыңыз тұрсын» деп қызметкерлері қолқа салғанда қуанып кеттім. Шыны керек, «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген рас екен. Соншама теріміз төгілген дүниенің де қадірін білмейді екенбіз.

Жұмыс бабымен еліміздің бірнеше қаласында тұрдым. Сонда бір үйден екінші үйге көшіп жүрсем де, «мынау керек болады» деп дүние жинамаған адам екенмін. Көйлектерімді де сақтамаппын. Сахналық костюмдерімді сұрайтын шәкірттерімнен ешқашан аямайтынмын, бере беретін едім. Музейге не сыйлаймын деп қиналып қалмасым бар ма кеше. Жаным қымбат деген, өнердегі сәулелі жылдарымның бір бөлшегі деп, екі сахналық костюмді, сонау 1987 жылғы «Үкілі қыз» деген концерттік афишамнан бастап, тағы бірнеше сарғайған, сыр тұнған афишамды алып келдім.

Алғашқы күйтабағымды да сыйға тартып отырмын. Қазір ойлап отырсам, көз алдымызда бір бет қағаз болып қана сақталған осы афишаларда қаншама төгілген тер жатыр десеніңізші! Өткен күндерім

СӘУЛЕНІҢ СЫЙЫ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейісова Алматы музейіне жеке заттарын сыйлады



бейнебір кино лентасындай өтіп жатыр көз алдымнан. Музей мамандарына рахмет, осындай әдемі сәт сыйлаған, – деген әнші өнер жолында Алматының орын ерекше екенін де атап өтті.

Концерттік сапарлармен

әлемнің талай қаласын аралап жүрсе де, Алматыдай ару, әсем қалаға ешқайсысы жетпейтінін де тілге тиек етті.

– Мен алақандай ғана Маятас деген ауылда (Жамбыл облысының Сарысу ауданы) тудым. Біздің бала күнімізде шифрлы үй деген болмайтын, қоржын тамда өстік. Ерекше жақсы көрдік сол қоржын үйді. Арманшыл кезіміз, бауырларыммен бірге «шіркін-ай, осы кішкентай ғана қоржын үйімізді осы күйінде көтеріп апарып Алматының бір шетіне қоятын құдірет болса ғой!» деп армандайтынмын. Міне, сол арманымызға жеттік бүгінде. Бізді халыққа танытқан, абыройымызды асқақтан осы Алматы! – деп тебіренді Сәуле Жанпейісова.

Кездесу соңында дәстүрлі өнердің өз өкілі, Қазақстанның халық артисі Ғарифолла Құрманғалиевтің төл шәкірті Сәуле Жанпейісова музей төріне келген меймандарына әннен шашу шашты.

Бетті дайындаған Нұржамал ӘЛШЕВА.



АТТРАКЦИОНДАР ӘЛЕМІ

Қазір күн жылы. Енді әне-міне дегенше, мектептерде төртінші тоқсан аяқталады. Демалыс басталып, күн жылынғанда балалар далада серуендеуді қалайды. Түрлі ойын-сауық орталықтарына барып қыдырып, асыр салып ойнағысы келеді. Бұл ретте Алматыда балалардың демалуына арналған аттракцион өте көп. Америкалық сырғанақ дейсіз бе, көңілді әткеншек дейсіз бе, атыс ойыны дейсіз бе, қойшы, баланың бір күнін көңілді өткізу үшін барлық жағдай қарастырылған. Дегенмен, осы ойын-сауық орталығы, аттракцион қаншалықты қауіпсіз? Оны арнайы органдар бақылап, қадағалауға ала ма?



ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫ

балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ете ме?



Серік
ЖҰМАБАЕВ

«Сақтықта қорлық жоқ»

Жасыратыны жоқ, осыған дейін балалардың ойын алаңдарында төтенше жағдай туындап, бірнеше рет қайғылы жағдай тіркелді. Мәселен, Қарағанды қаласында батут аударылып, бір бала мерт болды. Екі бала түрлі дене жарақаттарымен ауруханаға жатқызылды. Шахтинск қаласында екі жасар қыз әткеншектің астына түсіп, қаза тапты. Астанадағы «Жаннұр» сауда үйінің қасында тұрғызылған батут қатты желдің салдарынан аударылып кетті. Осының кесірінен төрт жасан 10 жасқа дейінгі бес бала зардап шекті. Кішкентай қыз бас сүйек-ми жарақатымен реанимацияға түсіп, операция жасалды. Маңғыстау облысында батуттың аударылуынан қыз бала ауыр жарақат алып, үш ай комада жатып, қайтыс болды. Алматының Орталық демалыс саябағындағы «Көңілді әткеншек» аттракционында сегіз жасар қыз көз жұмды. Петропавлда «Волна» демалыс базасында орналасқан «Күшті әткеншек» аттракционында 10 жасар бала көз жұмды. Баланың ата-анасы әкімшілік өкілдері оларға көмектеспегенін, аймақ аумағына жедел жәрдем жібермегенін хабарлады. Полиция бұл істі «міндеттерге әділетсіз қарау» бабы бойынша тергеді, бірақ кейінірек ол қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

Батутты байқа, балақай!

Айта берсек, мұндай оқиғалар өте көп. Бізде қазір кез келген көпқабатты үйлердің арасына батутты үрлеп, қоя салады. Онда

қауіпсіздік шаралары толық қадағаланып отыр деп айту қиын. Мұндай бизнесті ашу да көп күш-жігерді қажет етпейді екен. Батутты сатып аласыз, сосын жерді жалға алу туралы келіссөз жүргізесіз. Болды. Басқа ештеңе қажет емес. Негізі, бұл міндетті түрде лицензияланатын қызмет түрі болуы тиіс. Өйткені, ол адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді.

Мысалы, Астанада «Жаннұр» сауда үйі жанындағы батуттан болған оқиғадан кейін қала билігі «әкімшілік сауда орталықтарының аумағында аттракционар мен нысандар орнатуға рұқсат бермейді», – деп хабарлады. Алайда, кәсіпкер сауда орталығы аумағынан жерді жалға алып, батуттарды орналастырған. Осы кезде жергілікті билік қазір бизнестің қызметіне араласа алмаймыз деп ат-тонын ала қашты.

Тексеруден өтуі тиіс

Десек те, жақын уақытта батуттарға қатысты талапты күшейтпесек болмайтын түрі бар. Оның үстіне, көптеген саябақтардағы аттракционар ескіріп кеткен. Тіпті, техникалық құралдардың көпшілігі – шетелде тозығы жеткен, істен шыққан техникалар. Оларды біздің кәсіпкерлер арзан бағаға алып келіп, ақшаға кенеліп жатыр. Бірақ балалардың өмірі туралы ойланып жатқан ешкім жоқ. Сондай-ақ, оларды жөндейтін механиктер жетіспейді. Негізі, техникалардың әр бөлшегін, әр тетігін дер кезінде қарап отыру қажет. Себебі, ол техника болғаннан кейін кез келген уақытта істен шығып қалуы мүмкін. Олардың техникалық құжаты бар-жоғы да белгісіз. Қауіпсіздік ережелерінің сақталуы да ескіталай. Сондықтан кәсіпкерлерге ескі аттракционарды жаңартуды міндеттеу қажет секілді.

Балалар қауіпсіздігін сақтау ережелері:

- Желдің, дауылдың болатыны жөніндегі дабылды ескерту түскен жағдайда ойын батуттарын құрмау;
- Батуттардың төлқұжатындағы нұсқауға сәйкес батутты орнату және қосымша тіреулерді қолдану;
- Мүмкіндігінше батуттарды ашық жерге орнатпау, орналасқан жері тегіс, құрғақ болуы қажет;
- Батуттарда қызмет көрсететін қызметкер саны 2 адамнан кем болмауы қажет;
- Ашық отты пайдаланатын орындардан және автожолдардан арақашықтықты (10 метрден кем емес) сақтау;
- Батутқа қатысты төтенше жағдай орын алған жағдайда жауапкершілік меншік иелеріне жүктеледі;
- Батутқа жүргізілген электр жүйелерінің ақаулығын тексеру;
- Жергілікті атқарушы органдардың келісімімен белгіленген орынға орнату;
- Қызмет көрсетушінің техникалық қауіпсіздігі бойынша оқудан (оның ішінде медициналық қызмет көрсету саласымен бірге) тиісті мекемелерден дәріс алғандығы жөнінде куәлігі болуы қажет;
- Батуттың жанында алғашқы медициналық қобдишасы мен алғашқы өрт сөндіру құралдары (батуттың шаршы метріне қарай өрт сөндіргіш ОП-5) болуы қажет.

Қорыта келгенде, балалардың қауіпсіздігін сақтау үлкендердің міндеті әрі парызы.

БРИФИНГ

ҚҰМАР ОЙЫНДАР

Тәуелділік мәселесі зерттеледі



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыда құмар ойындарға тәуелділік мәселесін зерттеу басталады. Бұл туралы Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Хақ назар» қорының төрағасы Нұржан Жақыпов мәлім етті.

Қор өкілдері «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» мамандарымен бірлесіп, республика бойынша ауқымды зерттеу жүргізіп, құмар ойындарға тәуелділердің санын анықтауды жоспарлап отыр.

«Құмар ойындарға тәуелділік Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ауру картасына кіргенімен, Қазақстанда оған қатысты ешқандай статистика жүргізілмейді. Жыл соңына дейін біз зерттеуімізді аяқтаймыз деп отырмыз. Онда елдегі лудомандар санын, олардың психотипін, ең бастысы, аурудың себептерін көргіміз келеді. Бізде бұл мәселені шешудің нақты жолдары, соған сәйкес ұсыныстар да бар», – деп атап өтті спикер.

Қоғам белсендісінің айтуынша, құмар ойындарға тәуелділік әлеуметтік қана емес, экономикалық салдары да бар мәселе. Мәселен, оның зардабын көбіне лудомандардың жақындары, яғни ата-анасы, жұбайы, туыстары тартып жатады, яғни ойынқұмардың қарызын жабу үшін несие алатын да сол жандар.

Осыған байланысты қоғам қайраткерлері букмекерлік кеңселерді де жауапқа тартуға шақырады. Мәселен, олар жеке тұлғалардың және олардың шоттарының есебін жүргізуі керек, әрі ол жөнінде лудомандардың туыстары мен достарына хабарлауы керек. Ал букмекерлік кеңселерді жабу туралы ұсыныстар мәселені шешпейді деп отыр маман.

«Бізде орташа қарыз туралы ақпарат жоқ. Қазір құмар ойындардың елдің экономикалық және әлеуметтік әлауқатына қаншалықты нұқсан келтіретіні туралы нақты ақпарат та жоқ. Сонымен қатар, құмар ойындарға тәуелділік емі жоқ ауру екенін атап өткім келеді. Бұл отбасылық экожүйенің ауруы. Біз не ұсынамыз? Қазақстанда букмекерлік кеңселер қауымдастығы бар делік. Әрбір букмекерлік кеңседе ойыншылар туралы мәліметтер базасы бар: ол қанша ақша салды, қанша жоғалтты және т.б. Белгілі бір соманы алайық, үш орташа жалақы, мәселен, 700 мың теңге делік. Егер адам 700 мың теңгеге ұтылатын болса, онда біздің ойымызша, букмекерлік кеңсе отбасы мүшелеріне бұл туралы хабарлап, қарсы еместігіне көз жеткізіп, олардың рұқсатын нотариалды түрде куәландыруы тиіс», – деді Н.Жақыпов.

Ал ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» халықаралық ынтымақтастық және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы Ринат Мұзафаров ойынға тәуелділіктің алдын алу және оның салдары туралы айтып берді.

«Лудомания диагнозын қою оңай болғанымен, оны емдеу өте қиын. Мұның бәрі адамның ойынға қанша уақыт бөлгеніне байланысты. Әдетте, адамның өзі бастапқыда тәуелді болып қалғанын білмей қалады. Құмар ойындарға бейімділік бастапқыда жеңіл жолмен пайда табу ниетінде басталып, одан эмоционалды байланып, кейін толығымен тәуелді болып қалады. Тәуелділікті оқшаулау арқылы емдеу керек. Жалғыз айырмашылығы, бұл жағдайда нашақорлықпен ауыратын науқастар сияқты химиялық детоксикация қажет емес. Мұнда психо-әлеуметтік оңалту жүргізу қажет. Ең бастысы, адам тәуелділіксіз өмір сүруді үйренуі керек. Яғни тәуелділіктің орнына ол ары қарай өз өміріне бейімдейтін басқа да жағдайларды ұсыну қажет», – деді бөлім басшысы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат ИБРАГИМОВ, қала тұрғыны:

Мемлекеттік деңгейде шешу керек

Біздегі аттракциондардың көбі Қытайдан әкелінген. Арзанқол техника. Оның үстіне, бізде оларға кәсіби деңгейде қызмет көрсететін, ұдайы тексеріп тұратын инженерлер жоқтың қасы. Егер бұзылып қалса, көбіне билет сатушылар, бақылаушылар өз бетінше жөндеп, қайта іске қосуға тырысады. Өткенде екі баламды алып, қалада қыдырдық. Сол кезде байқағаным, қазір балалар көңіл көтеретін аттракцион табу қиын екен. Біреуіне балалар жүгіріп барса, сатушы оның сынып тұрғанын қысыла айтты. Басқасына жақындасқ, онда да сол жағдай. Парктерді былық жайлаған. Ақыры дені дұрыс сырғанап алмай, қолды бір сілтеп, кетіп қалдық. Сондықтан аттракцион иелеріне қондырғылардың техникалық қауіпсіздігі үшін жауапты ету керек. Тіпті, мемлекеттік деңгейде демалыс парктерінің қызметін бақылауға алып, аттракциондардың техникалық жағдайын тексеру бойынша шұғыл әрі жүйелі шаралар қабылдаған жөн.

Бақытжан МҮЗДАҚБАЕВ, Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері:

Нақты тұлға бекітілуі тиіс

Бізде жазатайым оқиғаларға тергеу жүргізу кезінде ондай нысандарды орнату және эксплуатациялау ережелері өрескел бұзылғаны әшкереленіп жатады. Балалар қауіпсіздігіне кім жауапкершілік арқалайды? Аттракцион қожайындары көбіне өз айыптарын мойындамай, бар кінәні зардап шеккендерге және олардың ата-аналарына жабады. Тіпті, болған оқиғадан есі тана жаздап, есенгіреп тұрған ата-аналарға парк пен оның арендаторына ешқандай шағымы жоқтығы туралы құжатты тықпалап, қол қойғызып алады. Сондықтан бұл мәселе мемлекеттің қатаң бақылауында болуы тиіс. Кәсіпкерлерді тексеруге мораторий жарияланғалы қадағалаушы органдар аттракциондарды тексере алмайтын болды. Осының салдарынан бұл сала қатаң бақылаусыз қалды. Сол үшін бүкіл өңірде жергілікті билік тарапынан аттракциондар тұрған барлық орында қауіпсіздікті қадағалайтын, балалардың амандығына, техниканың ақаусыздығына басыммен жауап беретін нақты тұлға бекітілуі тиіс. Сонда ғана нәтиже болады. Әйтпесе, ата-аналар аттракционға отырғызу арқылы балаларының басын бәйгеге тіге беруді тоқтамайды.

P.S.

Алда күн жылып, мектептерде демалыс басталады. Балалар батуттар, саябақтар, әткеншектер, аттракциондарға барғысы келеді. Яғни жаз айымен бірге балалардың саябақ, ойын орталықтарына жиі баратын уақыты да келіп жетті. Барды баласының аузына тосып, баладан ештеңе аямаған ұлт ретінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарасы да еліміз үшін өзекті мәселе болып отыр. Осыған орай, барлық ойын орталықтарындағы техникалық қондырғылар тексерілуден өтсе жақсы-ақ болар еді.



ЖАҢА МЕДИА

ӘЛЕМДІ ШАРПЫҒАН ӘЛЕУЖЕЛІ

Қазір әлеуметтік желіні жиі пайдаланамыз. Барша жаңалықты содан оқимыз. Керек десеңіз, қызықты мәліметті де осыдан іздейміз. Сонымен бірге, ол хат-хабар алмасудың да тікелей тетігіне айналды.



**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Егер бағамдап қарасак, ол адамзаттың ақыл-ойының, эмоциясының көрініс беретін ортасына айналғандай. Оны әрбір салынған пост парақшасының астындағы пікірлерден байқаймыз. Оған пікір қосып, лайк батырмасын басатын да өзіміз. Бұны заманауи қоғамның бір белгісі деп білеміз.

XXI ғасырда виртуалды әлемнен оқшау жүру мүмкін емес сияқты. Шетелдің екпін хәм шытырман фильмдері расымен де орындалып келеді. Айшылық алыс жерден жылдам хабар алғызып тұр. Ғарыштық жылдамдықпен дамып бара жатқандаймыз. Смарт өмірдің түбі қайда бастайтындығын ешкім болжап білмес. Тек қана бір ой бар. Яғни ғылыми технологиялық процестің арты жақсылық болсын демекпіз.

Осыған орай, ұдайы пайдаланатын әлеуметтік желілер тізімін беруді жөн көрдік. Бірқатар мағыналы ойларды ортаға салып, әлеуметке пайдасы бар пікірді бөлісеміз.

ИНСТАГРАМ



Бұл әлемдегі ең танымал мессенджер. Instagram – фотосуреттер және видео бөлісуге арналған әлеуметтік желілік онлайн қызмет. Оның көмегімен қолданушылардың фотосуреттер жасауға, оларға сүзгі қолдануға, сонымен қатар, оларды өзінің сервисі немесе басқа да әлеуметтік желілер арқылы таратуға мүмкіндіктері бар. Instagram фотосуреттерді Kodak Instamatic және Polaroid камералары сияқты шаршы пішінінде жасайды. Мобильді фотоколлаждардың көбісі қабырғаларының 3:2 және т.б. форматты фото/видео қатынасын қолданады.

iPhone, iPad және iPod Touch құрылғыларымен iOS 4.3-пен, сонымен қатар OpenGL ES-2 қолдауымен Android 2.2 және жоғарырақ телефондарымен үйлесімді.

Жас та, жасамас та қарайтын, көп қолданылатын желі, ол – инстаграм. Зор атақ пен мансапқа қол жеткізгендер жиі қолданады. Кімнің қайда жүргенін біреуден сұрамаймыз. Егер осында парақшасы болса, арғы жағы түсінікті. Танымал адам былай тұрсын, таныссыз танылудың жолы да осы болып тұр. Қаншалықты оқырманды көп жинайсыз, елітесіз, сізден атақ-дәрежесі асқан жан жоқ деген сөз. Осыған қарап-ақ кейде танылғың келеді. Бір оғаш сәт бар. Жұрттың бәрі ішкен-жегенін инстаграмға жүктейтін болды. Мұндай ыңғайсыздықтың белең алғанына біраз уақыт толды. Шетелге барса, құдды бір оқырмандары үшін баратын сияқты ой пайда болады. Әсірелелсенділер, мұны жарнама көзіне айналдырды. Табыс тапсын, ойлағанын



іске асырсын. Бірақ далақбайлыққа салынбау қажет. Ауқатты адамда бар материалдық байлық, орта немесе төмен тұрмыстағы жанда болмауы мүмкін. Бір азаматтың бақыты, екіншіні қызғандырмаса дейміз. Өйткені, әр нәрсенің өз орны бар.

ФЕЙСБУК

Мұны жаһандағы ең ірі әрі ең танымал әлеуметтік желі дей аламыз.

Осыдан 9 жыл бұрын, дәлірек 2004 жылы Марк Цукерберг өзінің серіктестері Эдуардо Саверин, Дастин Москович және Крис Хьюзбен біріге отырып Facebook-тың негізін қалаған. Марк Цукерберг 23 жасында өзінің сайтының арқасында әлемдегі ең жас миллиардер болды. Сайттың алғашқы аты TheFacebook деп аталды және ол тек Гарвард университетінің студенттеріне ғана қолжетімді болды, кейінірек Бостонның басқа университеттерінің студенттеріне де жол ашылды, ал содан соң .edu доменіндегі электрондық мекенжайы бар АҚШ-тың кез келген оқу орнындағы студенттер де тіркеле алатын болды. 2006 жылдың қыркүйек айынан бастап 13 жастан асқан электрондық поштасы бар ғаламтор пайдаланушыларына қолжетімді болды. 2013 жылдың наурыз айындағы мәлімет бойынша Facebook-ты пайдаланушылар саны 1,11 миллиардты құрайды, олардың көбісі мобильді құрылғылардың көмегімен кіреді. Facebook-тың 2009 жылғы қаржы айналымы 700 млн АҚШ долларын құрады.



Бір нақты нәрсені айтқым келеді. Осы күні фейсбук дау-дамай алаңына айналып барады. Мұнда ақын, әнші, атқамінерлердің барлығының өз парақшасы бар. Дегенмен, кейде қоғамдағы өзекті мәселенің жемісін көріп, қуанып қаламыз. Алайда, ұятты деңгейге түспейікші. Қысқа ғана ғұмырда сіз-біз десіп күн кешкенге не жетсін?!

Бір қызығы, дүние жүзі бойынша игі ой-пайымдардың көпшілігі фейсбукте жарияланады екен. Түйдек-түйдек парасатты пікірлер айтылып, талқыланып жатады. Соған қарағанда, аталған әлеуметтік желі орта буын мен аға буын өкілдері көп қолданады дей аламыз.

Тұжырымдап айтқанда, ел мен жерге, адамзатқа қатысты кесек дүниелер әрдайым айтылып, жазыла бергей демекпіз.

ТИКТОК



ТикТок қытайлық әлеуметтік желі. Ол қысқа музыкалық бейнелерді, тікелей эфирді жасауға және түрлі хабарлармен алмасуға мүмкіндік беретін әлеуметтік желі. Қытайда Douyin атымен танымал. Онда 15-тен 60 секундқа дейінгі музыкалық видеолар жасап, өзгелермен бөлісуге болатын еді. Musical.ly басқа қытайлық стартаптардай емес, халықаралық нарыққа бағытталып, тез танымал бола бастады.

Қазір шамамен 150 миллионнан аса қолданушылар межесін бағындырды. Әлеуметтік желі қолданушыларын сұрыптап, бағамдадық. Сонда байқағанымыз, ТикТок желісін жас өрендер молынан пайдаланады екен. Әсіресе, мектеп жасындағылар мен университет қабырғасындағылар видео салып жүреді. Онысына ешкім қарсы бола қоймас. Бірақ жастардың санасын улайтын, қоғамға кереғар нәрсе болмаса дейміз. Өскең ұрпақ, желіге байланып емес, ұлттық руханиятқа тамыр жіберіп өссе деген тілектеміз.

ВАТСАП

Ватсап әлемдегі ең тиімді құралға айналып отыр. Интернет ресурстарының ішіндегі тиімдісі де осы болып тұр. Адамдар бір-бірінің үйіне, жұмысына барып хал-жағдай сұрасудан қалып барады. Оның орнына ғаламтор пайдаланғанды жөн



көреді. Аталған қосымша – смартфонға тікелей арналған мессенджер. Соңғы уақытта компьютерде де қолданылып жүр. Мәтіндік хабарландыру, сурет, видео және аудио жөнелтуге болады. Ашық дереккөздерге сүйенсек, Android, BlackBerry OS, BlackBerry 10, iOS, Series 40, Symbian (S60) және Windows Phone сияқты платформаларда жұмыс істейді. Мессенджерді жасаған компанияның негізін Ян Кум (Jan Koum) және Брайан Эктон (Brian Acton) 2009 жылы Калифорния штатында құрған. Компанияда 55 қызметкер жұмыс істейді.

Әрбір заманауи адамда ватсап желісі бар. Онсыз күніміз атып, таңымыз батпайды. Кей уақытта жұмыстың тапсырмалары келіп жатады. Бір сәт көз іліп, телефонға қарамай қалсаңыз, көптеген хабарламалардан көз сүрінеді. Тіпті, ғаламторға қосылмай, смартфонды сөндіре қалсаңыз, орта ғасырға тап болғандай күй кешесіз. Сондықтан шама келгенше ватсапты қолданамыз. Адам санасының шекарасы шексіз емес. Кейде жүйке де шаршайды. Бірақ ватсап үздіксіз іс қылады. Бәлкім, керек уақытта қолданып, жәй кезде сөндіріп, бір сәт тынығып алған абзал шығар.

ТЕЛЕГРАМ

Telegram – қолайлы қарым-қатынас қосымшасы. Уақыт өткен сайын мұны қолданушылар қатары артып барады. Әсіресе, ресми орындардың парақшасын жиі байқаймыз. Қуаттылығы мен ақпарат жіберу сыйымдылығына тәнтіміз. Кейде видео, аудио версиядағы құжаттарды жібере алмай далмыз. Дәп сондай сәтте телеграм ойға оралады. Сондықтан желі қолданушылар телеграмға көп иек артады.

Қазіргі таңда әрбір адам ғаламторсыз күн кеше алмайтын күйге жетті. Онсыз іс бітпейді, ойлағаның жүзеге аспайтын сияқты. Бәрі қарбалас, бәрі асығыс. Жан қиналған кезде жазған дүниенді біреуге жібере алмай қиналасыз. Телеграм шыққалы көп іс жеңілдеді. Барша ақпаратты, әсіресе ресми тексерілген жазба іздесеңіз, осы қосымшадан таба аласыз. Ол үшін сауаттырақ болу шарт. Бүгінгінің ең ыңғайлысы осы телеграм деп айтуға толық негіз бар.



P.S.


Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны бірдей деп білеміз. Бастысы, ұтымды етіп, кәдеге жаратсаңыз, озғаныңыз. Адам өмірі бәрінен қымбат. Тағы бір мәрте ғұмыр сүру ешкімге бұйырмаған. Сәтін тауып шынайы қарым-қатынасқа көшкен дұрыс. Бір сәт виртуалды әлемнен тынығып, ағайын-туыс, бала-шағаға, дос-жаранға көңіл бөлейік. Әр нәрсенің өз орны бар екенін ұмытпайық.



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: CHATGPT

Жаһанды дүрліктірген жаңа технология туралы не білеміз?




Бүгінде жасанды интеллект (AI) күнделікті өмірімізге кіре бастады. Бұл қызықты құбылыс бізге айналамыздағы өзгеріп бара жатқан әлемді, алға дамып кеткен жаңа технологияларды түсінуге көмектеседі. Ендеше, жасанды интеллект (AI) ұғымы нені білдіреді? Танымал AI моделі – ChatGPT дегеніміз не? Жаңа технологияларға қатысты осы және басқа да бағдарларға шолу жасап көрейік.

1. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

- AI – информатиканың бір саласы, яғни үйретілген, оқытылған машина. Бұл интеллект талап ететін тапсырмаларды орындай алатын роботты жасауға бағытталған жаңа сала: компьютерлерге қабылдауға, пайымдауға, үйренуге және шешім қабылдауға мүмкіндік беретін алгоритмдер мен модельдерді әзірлеуді қамтиды.
- Жасанды интеллект бүгінде денсаулық сақтау, қаржы, көлік және ойын-сауық сияқты әртүрлі салаларда жұмыс істей бастады.
- Ол Siri немесе Alexa, Алиса сияқты дауыстық көмекшілерге ақпарат тауып береді, белгілі бір мәселені шешуге сізге ұсыныс айтады, автономды көліктердің жүруін қадағалайды және т.б. көп мүмкіндіктері бар.
- Жасанды интеллекттің үлкен көлемдегі деректерді өңдеу және үлгілерді тану қабілеті оған болжам жасауға, шешім қабылдауға көмектесуге және тапсырмаларды автоматтандыруға мүмкіндік береді.

2. CHATGPT МОДЕЛІ

- OpenAI деген компания әзірлеген. Бірнеше миллиард АҚШ доллары инвестиция ретінде құйылып, бірнеше жыл бойы жан-жақты зерттелген жасанды интеллекттің тіл үлгісі.
- Ол сіздің сұрақтарыңызға адам сияқты жауап беру үшін, түсінуге және берілген тапсырманы орындау үшін көптеген мәтіндік деректерге үйретілген робот.
- ChatGPT сізбен чат арқылы сөйлесе алады, сұрақтарға жауап береді, ақ-



парат береді және сіз тап болған мәселеге орай көмек ұсына алады.

3. ҚАЛАЙ ЖҰМЫС
ІСТЕЙДІ?

- ChatGPT терең оқыту деп аталатын әдісті, әсіресе трансформатор деп аталатын модельді пайдаланады.
- Мәтінді кішірек бөліктерге бөледі, олардың қарым-қатынасын талдайды және дәйекті және контекстік сәйкес жауаптарды саралайды.
- Мәтіннің үлкен жинағынан грамматиканы, фактілерді және тіпті кейбір дәрежедегі пайымдауды түсінуге бағдарлайды.

4. АРТЫҚШЫЛЫҒЫ
МЕН ШЕКТЕУІ:

- AI адам мүмкіндіктерін кеңейтуге, қайталанатын тапсырмаларды авто-

маттандыруға және тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

- ChatGPT пайдалы ақпараттар мен ұсыныстар беріп, оқу ресурсы ретінде әрекет ете алады.

Дегенмен, айтып отырған жасанды санада да шектеулер бар, ол кей ақпараттың шын не өтірік екенін ажырата алмайды, адам сияқты түсінік пен эмоция білдіре алмайды. Кейбір тапсырмаларды мүлде қате орындауы мүмкін. Фейк ақпараттың, фотолар мен видеолардың көп тарауына себепші болып қалатыны да сондықтан.

5. ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ ДЕ
МАҢЫЗДЫ

AI-ға хакім Абайдың бүкіл шығармасын, оның ойын, философиясын үйретіп қойса, ол ертең тура Абай сияқты шығарма жазып, толғатып, ой айтып отыруы мүмкін. Бұл жерде этикалық мәселе туындайды. Сондықтан машинаны оқытуда оны пайдалануды қамтамасыз ету, авторлық құқық пен этика мәселесі өте маңызды.



кескіндемелерді де сала алады, балаларға ертегі құрастырып, компанияңыздың жарнамалық мәтінін де кереметтей сипаттап бере алады. Өкінішке орай, қазақ тілінде әлі де жетік ақпарат бере алмайды. Негізгі тілі – ағылшын.

● ТҮЙІН:

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жасанды интеллект пен ChatGPT заманауи әлемге қызықты мүмкіндіктер мен жаңа салалар, дамудың жаңа кезеңін ұсынып отыр. AI негіздерін және ChatGPT сияқты модельдердің мүмкіндіктерін түсінуге арқылы біз олардың шектеулерін біле отырып, артықшылықтарын пайдалана аламыз.

Бұл технология дами береді, оны пайдаланудағы жауапкершілік пен этика мәселесі маңызды болып қала береді. Жасанды интеллектті біздің болашағымызды дамытатын, өркендетті қоғамды қалыптастыратын қуатты құрал ретінде мойындай отырып, оның мүмкіндіктерін зерттеп-зерделеуді жалғастырып, жаңаша жұмыс істеп, тың технологияларды үйренумен айналыса беру керек. Жасанды сана және ChatGPT-ті одан әрі зерттеу адамзат үшін тіпті де көп мүмкіндіктерді ашады.

ChatGPT сайтына тіркелу үшін Gmail поштаны пайдаланған абзал. Қазіргі уақытта ChatGPT-дің «GPT – 3.5» нұсқасы тегін жұмыс істеп тұр. Егер айына 20\$ қаражат төлеп «ChatGPT Plus» жазылымын алсаңыз, GPT-4 нұсқасына қол жеткізе аласыз. ChatGPT Plus көптеген артықшылықтарға ие. Ол тікелей интернетке қосылып ақпарат іздей алады, көптеген плагиндер арқылы онлайн сервистермен жұмыс істеп, сізге көмекші бола алады. Пайдалы сілтеме: <https://chat.openai.com/>.

Мейіржан
ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
журналист,
IT маманы.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«ШОҚЖҰЛДЫЗ»

Өтетін орны:
ARTIШОК театры.
Күні мен уақыты:
27 мамыр, сағат 19.00.



«БАЛЕТ КЕШІ»

Өтетін орны:
Абай атындағы Қазақ
ұлттық академиялық
опера және балет
театры.
Күні мен уақыты:
27 мамыр, сағат 18.00.



«БІР ТҮП АЛМА АҒАШЫ»

Өтетін орны:
Ғабит Мүсірепов
атындағы Қазақ
мемлекеттік академиялық
балалар мен
жасөспірімдер театры.
Күні мен уақыты:
27-28 мамыр, сағат 18.30.





ФУТБОЛ

ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

Алматыда «Super Bol!» спорттық реалити-шоуының кастингі өтті

Елімізде кәсіпқой футболшы болғысы келетін жастарды іріктеу жобасының биыл екінші маусымы басталды. Іріктеу елдің 14 қаласында өтті. Кастингке 16–23 жас аралығындағы жастар қатысты. Финалға өткендердің кәсіби футбол клубтарымен келісім-шарт жасауға мүмкіндігі бар. Іріктеу жеңімпаздары белгілі бапкерлердің басшылығымен жаттығады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, екінші маусымда қатысушылар саны өткен маусымға қарағанда едәуір көп.

Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, «Freedom Broker» инвестициялық компаниясының өкілі Түсіп Нүкенов жеке алғысын білдіріп, бұл жоба мыңдаған жасқа үлкен үміт сыйлайтынын атап өтті.

«Бұл жерге тек қана алматылықтар емес, басқа да өңірлерлерден жастар жиналған. Талаптарыңа нұр жаусын! Мемлекет үшін осындай жобаларды қолдау – аса маңызды мәселе. Қазақстан әлемде балалар мен жастары өте көп елдердің қатарында. Сондықтан елдің болашағы – сендердің болашақтарың! Барлық қатысушы футболда үлкен жетістікке жетеді деп сенім білдіремін», – деді қала әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.



Давид ЛОРИЯ,
«Super Bol!» жобасының бас менеджері:

– Футболға қызығатын 16–23 жас аралығындағы жастардың кейбірі осы уақытқа дейін футболмен кәсіби түрде айналысып келсе, енді бірінің белгілі себептермен мүмкіндігі болмауы мүмкін. Бұл жоба – сондай жастарымыздың арманын



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

орындайтын үлкен мүмкіндік. Өмірін кәсіби футболмен байланыстыратын жастарды Қазақстан бойынша іріктейміз. Іріктеу кастингінен өткен жастар еліміздің немесе басқа елдің белгілі клубтарымен келісім-шарт жасай алады. Жеңімпаздарды Қазақстанның жалғыз Олимпиада чемпионы Евгений Яровенко жаттықтыратын болады. Осындай жобалар жастарға үлкен мүмкіндік береді деп ойлаймын.

РЕГБИ

ШЫН МЫҚТЫЛАР ДОДАСЫ

Регбиден Ұлттық құрама финалға өтті

23–28 мамыр аралығында Алматы қаласындағы спорт кешенінде жоғары дивизионның әйелдер командалары арасында регби-15 бойынша Азия чемпионаты өтуде. Чемпионатқа Қазақстан, Гонконг және Жапонияның ұлттық құрама командалары қатысады.

Бірінші жарыс күні Қазақстан мен Гонконгтың құрама командалары жарысып, 23:27 ұпай бойынша Қазақстан Ұлттық құрамасы жеңіске жетті. Бұл ойын финалға шығу үшін шешуші ойын болды. Енді Қазақстан 28 мамырда Жапония құрамасымен финалдық кездесу өткізеді.

Айта кететін жәйт, бастапқыда Жапония командасы жартылай финалда Қытай Халық Республикасының ұлттық командасымен ойнауы керек еді, алайда техникалық себептерге байланысты ҚХР құрама командасы Алматыда Регби-15 бойынша Азия чемпионатының жоғары дивизионының шешуші кезеңіне шыға алмады.

«Алматыда басталған әйелдер арасындағы регби-15 Азия чем-



пионаты біз үшін үлкен маңызға ие. Осындай спорттық іс-шаралар Халықаралық регби одағы тарапынан Қазақстанда регбидің дамуына сеп болады. Біздің міндет – құрлық біріншілігін ең жоғары деңгейде өткізу. Жасыратыны жоқ, регби тек Азияда ғана емес, бүкіл әлемде ең

танымал спорт түрлерінің бірі. Қазақстан әйелдер құрамасы дәстүрлі түрде Азиядағы ең мықты құрамалардың бірі. Сондықтан бізде финалдық кезеңде жеңу мақсаты тұр», – дейді еліміздегі Регби федерациясының президенті Айгүл Жартыбаева.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Саят ДҮЙСЕНОВ,
Қазақстан регби ұлттық құрама командасының басшысы:

– Негізінен бұл жарысқа 4 команда қатысу керек болатын. Қазақстан, Қытай, Гонконг, Жапония командалары жарысу керек еді. Қытай командасы қаржылық мәселеге байланысты келе алмады. Енді Қытай дивизионда 4-орын алады да, екінші дивизионға түсіп қалады. Біздің ұлттық құраманың дайындығы жақсы.

Регби спортының негізі осы Алматы қаласында қаланды. Қазақша атауы – жаяу көкпар. Ойынды мұқият қарасаңыз, атсыз ойналатын көкпарды көресіз. Бұл спорт кейбір өзіміз, жасық балаларды тәрбиелеп шығады. Яғни регбиге келген балалар көпшіл болып, жанындағы адамдармен байланыс орнатуды үйренеді. Спорттың қасиеті – сонда. Нағыз мінез керек спорт түрлерінің бірі. Көбісі американдық футболмен шатастырып жатады. Әр командада 15 спортшы болады. Қаражатты қажет етеді. Сондықтан еліміздің басқа облыстарында қаржы мәселелері туындап жатады. Бірақ қолдан келгенше қолдап жатыр.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«КҮЙЕУІҢІЗДІ
САТЫҢЫЗШЫ»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы Қазақ
ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты:
28 мамыр, сағат 18.30.
Жанры: комедия.



«СҰҒАНАҚ ЕШКІ»

Өтетін орны:
Мемлекеттік қуыршақ театры.
Күні мен уақыты:
28 мамыр, сағат 14.00.



ALDAR KYSE

Өтетін орны:
«Жас сахна» театры.
Күні мен уақыты:
28 мамыр, сағат 11.00.

Әзірлеген Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ДҮЙСЕНБІ
29 МАМЫР

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
6.45 Әсем әуен
7.45 Жаңалықтар/Новости
8.00 Таңғы студия
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
12.40 Үздік әзілдер
13.30 Телехикая.
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб
17.00 Женский кино клуб
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
21.00 Телехикая
22.00 Мужское кино
0.00 Телехикая
12.35 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Әйелдер) Қытай – Нидерланд. Тікелей эфир
14.40 Бокстан Әлем Чемпионатының шолуы
15.55 ФУТБОЛ. Программа «Тур по туру». Прямой эфир
16.35 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Әйелдер) Болгария – Жапония. Тікелей эфир
18.00 ДЗЮДО. Grand Prix. Тікелей эфир
20.00 ТАЕКВОНДО. Әлем Чемпионаты. Тікелей эфир
22.00 «Жеңіл салмақ жампозы». Біржан Жақыпов. Деректі фильм
22.35 Специальный репортаж
22.55 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының журналы
23.25 ФУТБОЛ. U-20 жастар арасындағы футболдан Әлем чемпионаты. 1/4 финал. Тікелей эфир
01.30 Арнайы репортаж
01.45 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны

- 7.05 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
7.40 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
8.00 «Адал достар» Мультхикая.
8.25 Анимация. Отандық / «Сақалар»
8.50 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
9.15 «Үйшіктер» Мультхикая.
9.40 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.05 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
10.20 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
10.45 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
12.35 «Самға, Балапан!» мерекелік концерт
14.10 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
14.25 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
14.40 «Дарын мен Айзере» ситком.
15.00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
15.25 Анимация. Отандық / «Жұлдыздар әлемі»
15.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.50 «Адал достар» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
16.40 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
16.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.15 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.30 Анимация. Отандық / «Сақалар»
17.40 «Лесси» Мультхикая.
18.10 «Көке» ситком.
18.25 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
18.40 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.05 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.50 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
20.05 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
20.30 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
20.55 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
21.15 «Дарын мен Айзере» ситком
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 «Лесси» Мультхикая.
22.40 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»

- 23.00 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
23.20 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
23.30 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

- 06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.30 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.25 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Любопытная Варвара» телесериал
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Шаншар»
14.45 «АШЫ ШЫНДЫҚ» тележоба
16.45 «Тысқандар» телехикаясы
19.40 «Qazaq маркасы»
20.00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.15 «Жұлдызбысың?» бағдарламасы
02.00 Концерт «Менің елім»

TALIM TV TALIM TV

- 07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Латын
08.40 Менің анам, менің әкем
09.00 Ғибратты ғұмырлар
09.55 Сау болайық
10.10 Жүйріктер – мультфильм
10.20 Ем болсын
10.30 Бабалар сөзі – өсиет
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Жиырма бесінші сағат
13.24 Dental planet
13.30 Идея
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Капля добра в пустыне
16.30 Ұлттық спорт – Көкпар
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.20 Әжемнің әңгімесі
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
19.00 Автопортрет
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Емен-жарқын
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.25 YouTube Times
22.30 Orkeni style
22.55 Views



«БІЗДІҢ СЫНЫП». ТЕЛЕХИКАЯ.

«ҚАЗАҚСТАН» АРНАСЫ. САҒАТ 23.20-ДА.

ЖЕКСЕНБІ
4 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

МЕМЛЕКЕТТІК
РӘМІЗДЕРІ КҮНІ

6.00 Әсем әуен
7.00 Концерт
8.00 Мультфильмы
9.30 Детский кино клуб
11.00 Любимое кино
13.00 Концерт
15.00 Женский кино клуб
19.00 Үздік әзілдер
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.35 Алматы кеші
3.20 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Ұнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Ұнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
6.50 «Aqorda»
7.00 «Күміс көмей»
7.35 «Тұлға». Деректі фильм
8.20 «AQSAҮҮТ»
8.45 «Көңіл толқыны»
9.20 «Бірегей»
10.00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая.
12.00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»
14.00 Дисней ұсынады. «Вольт». Мультфильм (АҚШ, 2008 ж.)
15.25 «ГАУҺАРТАС». Мәдени-танымдық бағдарлама
16.35 «Әзіл әлемі»
17.40 «ТӨЛҚҰЖАТ. ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ». Арнайы жоба
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
20.50 «ДАРА». Ұлттық білім бейгесі
21.45 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23.20 «Біздің сынып». Телехикая.
1.05 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
1.55 «Егемен елдің нышандары». Арнайы жоба
2.15 «Aqsaуут»
2.35 «Бірегей»
3.20 «Жәдігер»
3.45 Ұнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Ұнұраны
05.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
06.15 Концерт. «Жүрегім ақ»
08.00 «Таңбалы тарих – тандаулы тұлға»
09.00 «Спорт әлемі»
09.30 «Культурный контекст»
10.00 Мегахит. «Ярость»
12.00 Мультфильм. «Космическое приключение»
13.15 Мультсериал. «Нильс»
13.30 «Балақай»
14.15 «Эрекет»
14.45 Телехикая марафоны. «Шашу»
15.45 «Cover show»
Мейрамбек Бесбаевпен
17.30 «Маска»
19.30 «Маңдай тер»
21.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 Мегахит. «Загнанный»
00.15 «Киноман»
01.00 ҚР Ұнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ҰНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 What's up?
08.40 Тамаша live
09.00 «TeleBingo» прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 КИНО. Марк Уолберг в комедийном боевике «Копы в глубоком запасе» (повтор)
12.30 Анимационный фильм «Суперсемейка» (повтор)
15.00 КИНО. Вин Дизель в боевике «Три икса» (повтор)
17.40 КИНО. Айс Кьюб в боевике «Три икса 2. Новый уровень» (повтор)
19.50 КИНО. Николас Кейдж в фантастическом боевике «Призрачный гонщик»
22.25 КИНО. Том Круз в фантастическом боевике «Особое мнение»
01.20 «31 әзіл»
01.50 What's up?
02.20 Әзіл студия
03.00 1001 Әзіл
03.30 Ризамын
04.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.45 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.50 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.00 «ПОЕХАЛИ!»
10.00 «ПРОУЮТ»
11.10 «ҚАЙМАҚ»
11.40 «ЖЕНСКАЯ ВЕРСИЯ». «ЗНАК СОВЫ». Многосерийный фильм
13.40 «ДОБРОЕ СЕРДЦЕ». Многосерийный фильм
17.50 Александр Лыков, Виктория Исакова, Лариса Шахворостова, Сергей Жарков в фильме «ТРУДНО БЫТЬ МАЧО»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Ирина Авдеенко, Максим Дрозд, Олег Масленников в многосерийном фильме «ЛОМАНЬЕ ЛИНИИ»
1.00 «ТРИ АККОРДА». ФИНАЛ
2.45 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.30 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 4.30

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.40 Әзіл time
07.20 Т/х «Аппақ келін»
09.00 Т/п «Измайловский парк»
11.00 Х/с «Аметистовая сережка»
15.00 «Қызықты weekend»
16.00 Х/с «Мамынык сынот»
20.10 Х/с «Подкидывш»
00.00 Әзіл time
01.00 Т/п «Жұлдыздың жары»
01.30 Jaidarman
02.30 Т/п «Келесі кім?»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ҰНҰРАНЫ
07.05 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»

07.50 «АЛДАРАСПАН»
09.30 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа
10.40 «ТАНЦЫ НА ПЕСКЕ», детективная мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы (қайталау)
19.00 «ЖҰЛДЫЗДАР МЕН ҰЛ-ҚЫЗДАР», ән-шашу. Тұсаукесер!
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «СЕМЬЯ», мелодрама (худ.фильм)
00.00 «АКИМ», казахстанское кино (худ.фильм)
02.10 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа (повтор)
02.40 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ» (қайталау)
03.30-
04.30 «ЖҰЛДЫЗДАР МЕН ҰЛ-ҚЫЗДАР» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Ұнұран
07.05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасы. 1/2 финал. «Байер» (Германия) – «Рома» (Италия)
09.00 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
09.35 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Әйелдер) Хорватия – Бразилия. Тікелей эфир
11.35 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының журналы
12.05 «Жеңіл салмақ жампозы». Біржан Жақыпов. Деректі фильм
12.35 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Әйелдер) Германия – Болгария. Тікелей эфир
14.35 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
15.00 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
15.35 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Әйелдер) Жапония – Қытай. Тікелей эфир
17.40 Арнайы репортаж
18.00 ДЗЮДО. Grand Prix. Тікелей эфир
20.00 ТАЕКВОНДО. Әлем Чемпионаты. Тікелей эфир
22.00 ФУТБОЛ. «Доп дода» бағдарламасы. Тікелей эфир
22.40 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шоулы
23.25 ФУТБОЛ. U-20 жастар арасындағы футболдан Әлем чемпионаты. 1/4 финал. Тікелей эфир
01.30 Арнайы репортаж
01.45 Ұнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Ұнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
7.40 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
8.00 «Адал достар» Мультхикая.
8.25 Анимация. Отандық / «Сақалар»
8.50 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
9.15 «Үйшіктер» Мультхикая.
9.40 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.05 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
10.20 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
10.45 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
12.35 «Жұлдыз болғын келсе...» концерт
13.45 «Үйшіктер» Мультхикая.
14.10 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
14.25 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
14.40 «Дарын мен Айзере» ситком.
15.00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
15.25 Анимация. Отандық / «Жұлдыздар әлемі»
15.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.50 «Адал достар» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
16.40 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
16.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.15 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.30 Анимация. Отандық / «Сақалар»
17.40 «Лесси» Мультхикая.
18.10 «Көке» ситком.
18.25 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
18.40 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.05 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.50 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
20.05 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
20.30 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
20.55 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
21.15 «Дарын мен Айзере» ситком
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.

22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 «Лесси» Мультхикая.
22.40 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
23.00 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
23.20 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
23.30 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
23.55 «Бесік жыры» – Ұнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.30 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.25 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Любопытная Варвара» телесериал
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Алдараспан»
17.20 «Келинка тоже человек» Худ.фильм
19.20 «Каникулы Тайланд» Худ.фильм
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.15 «1bol»
00.50 Концерт «Менің елім»

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айттыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.20 Ем болсын
10.30 Балалар сөзі – өсиет
11.00 Қазақ спортының классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Шатқал – қысқа метражды фильм
13.24 Dental planet
13.30 Қазақы әңгіме
14.20 Өнер қырандары
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Заблудившийся – худ.фильм
17.00 Сау болайық
17.10 Бір дубль
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Сырласайық
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 Ғибратты ғұмырлар
22.00 Айттыс Strike
22.30 Пруст сауалнамасы
22.55 Views





ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

«ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ...»

Қазақстандағы сталиндік тоталитарлық жүйенің тарихын зерттеп, жаңа көзқарас қалыптастырған тұлға туралы бір үзік сыр



Талас Омарбеков. Ол Қазақстандағы ашаршылық жылдар ақиқатын зерттеп, зерделеді. «Жер бетінде қазақ сияқты қасірет көрген халық жоқ» деп, ұлты үшін тер төкті. Қазақ тарихының өзекті мәселелеріне арналған 7 монография мен кітап, 200-ден астам ғылыми еңбек қалдырды. Солардың арасында «20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» (1997), «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселері» (2001), «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» (2004) секілді танымал еңбектері бар. XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы Қазақстанда шаруаларды күштеп ұжымдастыру, байларды тәркілеу саясатының зардабын ашып көрсетіп, нәубет жылдары орын алған халық наразылығына жаңа тарихи көзқарас қалыптастырды.

Есімі көпке танымал тарихшы-ғалым қазақи мінезді, әділ ұстанымды, атына заты сай азамат еді. Бала кезінде қиындық-ты да, ерте жасынан жетімдікті де көп көрді. Жүріс-тұрысында қазақтың марқасқаларына тән текті серілік бар еді. Бағалай алмадық. Бірақ оның жанын, асыл қасиеттерін бағалаған адамдар да болды. Тәкең соңғы жылдары орнында тапжылмай отыратын чиновниктер сияқты кабинетіне ерте келіп, кеш қайтатын. Шын беріліп айналысқан тақырыбының бірі – Алаш қозғалысы болатын. Кезінде өзі «Алаш» зерттеу орталығын құрды. Орта ғасырлардағы тарихи тұлғаларды ұлттық көзқараста зерделеп, Отан тарихын кезеңдеудің теориялық-методологиялық мәселелері бойынша бірқатар зерттеу жүргізді.

жетекшілігімен, авторлығымен «Қазақтың этникалық тарихы» ғылыми жобасы бойынша 13 томдық сүбелі еңбек жарияланды. Әсіресе, қазақтың этникалық тарихын шежірелер арқылы зерттеуді бастауы өте бір ұтымды бағыт. Жалпы, Қазақстан этнографтары Кеңес заманында шежірелік тарихқа көп бара алмады. Ресми билік тарапынан бұл тақырыпты қопара зерттеуге цензура бар еді. Кеңестік дәуірде Марат Сәбитұлы Мұқанов пен Востровтың орта жүз тайпаларының этникалық тарихы жөніндегі монографиясы ғана жарық көрді. Кейіннен (М.С.Мұқанов, Х.Арғынбаев) бірнеше қазақ этнографтарының авторлығымен қазақтың шежіресі туралы арнайы монография шықты. Ал енді Талас бастаған Алаш зерттеу тобы шығарған шежірелік тарих, арнайы статистикалық деректерге сүйенген

көшпелілер этногенезінің мәселелеріне арналған. Бұл жинақта автор қазақ халқының құрылу тарихын бес кезеңге бөледі. Оның 1-кезеңі – арғытүріктер (прототүріктер) дәуірі. Бұл б.з.д. II мыңжылдықтан V ғасырдың ортасына дейінгі уақыт. 2-кезең – түркілік кезең, VI ғасырдың орта шенінен IX ғасырдың орталарына дейін. Ғалым осы уақытқа дейін этникалық тарихты, этногенезді зерттеуде генеология саласының дұрыс ескерілмей келгендігін жазады. Әсіресе, қазақ тарихы үшін шежіре рөлінің үлкен екендігін атап өтеді. Тарихшы пайымдауларына сенсек, қазақ шежіресінде келтірілген деректердің 90 пайыздан астамы тарихи шындықпен үндесіп жатыр.

Талас тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн жұмыс істейтін азамат еді. Ал Мекке сапарынан кейін оның ісі тіптен оңға басып, барынша өнімді, берекелі болды. Ол өмірге құштар болды, ғылыми жоспарлары көп еді. Тек бір ғана тақырыптың маңайында тоқырап қалған ғалым емес. Тұғырлы тақырыптары – өткен ғасырдың 30-жылдарындағы аштық, сол кездегі ұлт-азаттық көтерілістер, Алаш тарихы, этникалық-шежірелік тарих дер едік.

2021 жылы біраз тарихшылардың басын қосып, арнайы ұсыныспен 3 томдық Қазақстан тарихын жазу жұмысын бастағанымыз есімде. Сол үш томдыққа Тәкең де өз келісімін беріп, оң жамбасына келетін тақырыптар тізімін ұсынды. Ол «Кеңестік билік неліктен Қазақстанды автономиялы елге айналдырды?», «Қазақстандағы «Кіші Қазан» саясаты туралы не білеміз?», «Кеңестік биліктің Қазақстандағы жер саясаты», «Алаш қайраткерлерін қуғындау», «Кеңестік тоталитарлық билікке қарсы қазақтардың атқа қонуы», «Қазақстандағы сталиндік астық және ет дайындау науқандары – алапат аштықтың басты себептері», «Көшпелі және жартылай көшпелі қазақтарды зорлап отырықшыландыру – дәстүрлі қоғамды біржолата күйрету», «Ауқатты шаруаларды зорлықпен бай-қулаққа айналдырудың ауыр салдарлары», «Қазақстандағы жаппай босқыншылық – сталиндік күшпен ұжымдастыру жоспарының күйреуі», «Аштан қырылған қазақтар», «Сталиндік саяси террордың Қазақстанда жүзеге асырылуы», «Сталиндік «үлкен террор» сияқты нәубет жылдар ақиқатын ашатын көптеген тың жобаларды қолға алатын болды. Бұл мәселелердің қай-қайсысында да Таластың әлі ғылыми айналымға толық енген тың материалдары, айтатын жаңаша ойы, тұжырымдары бар екенінде шүбәм болмаған. Әттен, біздің жоспарымыздың орындалуына мезгілсіз ажал кедергі жасады. «Ғалымның хаты өлмейді...» деген тәмсіл ғана үмітті аздап үкілейді...

Әбдеш ТӨЛЕУБАЙ,
тарих ғылымының докторы,
профессор.

31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-
СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ
ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



НЫСАНАЛЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

бағдарламасының
орындалу барысы
қаралды

Ерлан Қарин Саяси қуғын-
сүргін құрбандарын толық
ақтау жөніндегі
мемлекеттік комиссияның
кезекті отырысын өткізді.



Жиында Мемлекеттік комиссияның зерттеу, баспа және архив жұмыстарының жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Іс-шарада 2023 жылы саяси қуғын-сүргін тарихына арналған кезекті материалдар мен құжаттар жинағын жарыққа шығару жоспарланғаны жөнінде мәлімет берілді.

Сондай-ақ, ғалымдар мен сарапшылар XX ғасырдың 1920–1950 жылдары аралығындағы саяси қуғын-сүргін тақырыбына қатысты материалдарды терең зерттеуге және талдауға арналған ғылыми жобалардың нәтижелерін таныстырды.

Бұдан бөлек, комиссия отырысында ғалымдар мен зерттеушілердің ізденіс жұмыстарын қолдау мақсатында ұйымдастырылған нысаналы қаржыландыру бағдарламасының орындалу барысы қаралды.

Жиын қорытындысы бойынша Мемлекеттік комиссияның баспа қызметін дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, архив базасын жүйелеу және қорларға біріктіру ісін жалғастыру секілді негізгі бағыттарына қатысты тапсырмалар берілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Талас мінезді азамат еді. Өткір еді. Ойындағысын көбіне бүкпей айтатын. Сол мінезінен де кейбір басшыларға, байшікештерге жақпай жүрді. Өжет, батыл еді. Өткір еді, қажетті жерінде бетің жүзің бар демей, өткір тілімен кімді болса да сойып салатын. Сол үшін оған өкпешілер де, жаулықан адамдар да болды-ау. Тәкеңді бетіне мақтап, сыртта даттап жүретін пенделер де аз болған жоқ. Жау жағадан алғанда бөрі етекпен деген сияқты, жалған жарам-сақтанған хамелеондар да аз болмады.

Біз жиі араласпасақ та дос болдық, көп мәселеде пікірлес болдық, іштей рухани туыстығымызды сезіндік. Біздің этнография музейінің алдында кездейсоқ кездескенде күнұзаққа шүйіркелесетін әңгімемізді енді сағынышпен еске алуға тура келеді.

Тәкеңнің өмірінде бітірген бір үлкен ісі – қазақ ру-тайпаларының шежіресін, тарихын жазуы. Т.Омарбековтің ғылыми

13 томдық еңбек біздің тарихымызға қосылған өлшеусіз үлес болды. Бірақ дәл сол тұста бұл еңбектің лайықты бағасы берілмеді. Келер ұрпақ бұл еңбектің нақты бағасын берері сөзсіз.

Кеңес заманында қазақ жерінің, Қазақстанның этникалық территориясының қалыптасуын жазған жалғыз ғалым тағы да Марат Мұқанов, содан кейінгі осы мәселеге арнайы қалам тербеген және өз мүмкіндігінше үлес қосқан Талас тарихшы дер едім. Қазір бұл мәселеге біздің тарихшылар үлкен мән бере бастады. Көне заман және орта ғасырлардағы қазақ жеріндегі мемлекеттіктердің қарталары көптеп табылып, ғылыми айналымға ене бастады.

Талас Омарбековтың «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттер тарихының мәселелері» атты мақалалар жинағы (2016) дәстүрлі өркениетті зерттеу мәселелеріне, көшпелі қоғамның тарихи тұлғаларына,



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 мамырдағы
№2/220-310 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға
байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын
мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәріз суларды айдау станциясының құрылысы үшін Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Жұмабаев көшесінің бойында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 23 мамырдағы
№2/220-310 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Маметбакиева Бупатям Асимовна	20-314-058-001	Жұмабаев көшесі, 186	жалпы-0,1054 үлесі-0,0521
2	Исаков Ахмеджан	20-314-058-001	Жұмабаев көшесі, 186	жалпы-0,1054 үлесі-0,0533

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 мамырдағы
№2/220-311 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесінің бөлігін
алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе
өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәріз суларды айдау станциясының құрылысы үшін «Казхиммонтаж холдинг» акционерлік қоғамының Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Станиславский көшесі, 109 А мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-314-027-121) жалпы ауданы 0,3624 га жер учаскесінің ауданы 0,0301 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесінің бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 мамырдағы
№2/220-312 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесінің бөлігін алып қоюға
байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын
мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәріз суларды айдау станциясының құрылысы үшін Ибиб Абдулакимович Избакиевтің Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Зубарев көшесі, 5-үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-314-041-003) жалпы ауданы 0,1142 га жер учаскесінің ауданы 0,0476 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесінің бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 мамырдағы
№2/220-313 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға
байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын
мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сумен жабдықтау және су бұру желілерін дамыту, ағынды суларды айдау станциясының құрылысы үшін Константин Петрович Чупаченконың Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Труд» бағбандық серіктестігі, 38 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-313-053-525) ауданы 0,0600 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 мамырдағы
№2/220-314 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін
алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе
өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 16 ақпандағы №1 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балабақша құрылысы үшін Алматы қаласының Түркісіб ауданындағы Котельников көшесінің бойында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 23 мамырдағы
№2/220-314 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Коллекторское агентство «Alfa Collection» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-087-141	Түркісіб ауданы, Котельников көшесі, 2/2	0,2862
2	«Коллекторское агентство «Alfa Collection» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-087-142	Түркісіб ауданы, Котельников көшесі, 2/1	1,6463



ЖАҢА ЖҮЙЕ

Балаларға арналған SIM-карта

Ендігі жерде Оқу-ағарту министрлігі оқушылар арасындағы буллингпен күрес арнайы түрде ұйымдастырылатынын айтып отыр. Жалпы, қоғамнан қолдау тауып жатса, бұл бастаманың баянды болар түрі бар. Әрине, ең алдымен ата-аналардың белсенділігі ауадай қажет екені белгілі.

Сонымен, қазіргі таңда балаларға арналған SIM-карта туралы кеңінен сөз болып жатыр. Ата-аналар да балаларға арналған жеке SIM-картаның керек екенін айтып, дабыл қағуда. Аталған карта ата-аналардың бақылауында болады. Өйткені, бала сол SIM-карта арқылы интернетке қосылса, міндетті түрде ата-аналардың рұқсаты сұралатын болады.

– Біз осындай жүйені енгізуді ұсынып отырмыз. Бұл, ең алдымен, сіздің балаңыздың интернетте қандай сайтқа кіргенін, қандай әлеуметтік желіде отырғанын бақылауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, сол карта арқылы баланың интернетке кіретін уақытын да шектей аламыз. Экранның жанып тұратын уақытын да шектеуге болады. Кейде балалардың түн ортасында интернетте отыратын жәйіттары кездеседі, – дейді вице-министр Еділ Оспан.

Рая ЕСКЕНДІР.

АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Жедел әрекет адам өмірін құтқарады



Алматы қаласы ҚАЖ департаментіне қарасты №11 мекемеде, яғни жасөспірімдер колониясында жеке құрам қызметкерлеріне әділет аға лейтенанты Жансерік Танжарықұлы мен Сейілхан Темірханұлының ұйымдастырумен тәжірибелік сабақ өтті.

Бұл іс-шара кәсіби даярлық сабақтары жоспарына сәйкес, Алматы қалалық жедел жәрдем медициналық көмек көрсету мекемесінің ІІІ қосалқы стансасы қызметкерлерімен бірлесіп отырып жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары саласында қызмет атқаратын әрбір қызметкердің де шұғыл түрде алғашқы медициналық көмек көрсете білуі аса маңызды әрі оның адами борышы болып саналады.

Практикалық сабақ барысында қызметкерлерге ең алдымен көшеде келе жатып кенеттен есінен танған адамға, қол-аяқ сынған, қан кеткен, биіктен құлаған жанға немесе уланған жағдайларда сенімді түрде іс-қимыл жасай білу керектігі және алғашқы көмек көрсету барысында ең бастысы жеке өзінің де қауіпсіздігін ұмытпауы маңызды екендігі айтылды. Жеке құрам қызметкерлері алғашқы көмек көрсету әрекеттерін маникен-адамға жасап көрді.

Иә, төтенше жағдай кез келген уақытта орын алуы мүмкін. Дәл сол сәтте адам өмірін сақтап қалуға біз көрсете білетін алғашқы медициналық көмектің орны ерекше.

Нұржамал ӘЛШЕВА.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртек ті рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») almaty.aqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге.

ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

БАҚЫЛАУ

Жеке аудиторлық ұйымдарда жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері

Аудиторлық ұйымдар өз қызметін Қазақстан Республикасы «Аудиторлық қызмет туралы» Заңына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады. Сонымен, аудиторлық ұйымдардың қызметін реттейтін заңнамаға сәйкес аудиторлық ұйымдар аудиттің принциптері мен стандарттарын қатаң сақтауға міндетті.

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» Заңының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 15 шілдедегі №724 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрінің 2019 жылғы 16 шілдедегі №65 «Аудиторлық қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы» бірлескен бұйрығының сақталуына профилактикалық бақылауды үш субъектіде жүргізді: «A and Z Аудит Консалтинг» ЖШС, «Consult – FinAudit» ЖШС, «Аудиторская компания «Profit A»» ЖШС.

Профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша аудиторлық қызмет саласындағы заңнаманы бұзу фактілері анықталды.

Осылайша қаралып отырған кезеңде аталған ұйымдар 2021 жылға арналған аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы жыл сайынғы есептілікті белгіленген мерзімде ұсынбаған, бұл ӘҚБТК-нің 247-бабының 7-бөлігімен көзделген жауапкершілікке әкеп соғады. Осыған байланысты Департамент әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасады. Төлем жалпы соманың 50 пайызы мөлшерінде қысқартылған тәртіппен жүргізілді.

Тексерілетін кезеңде аудиторлық ұйымдар қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша есептер (токсан сайынғы есептер) уақытылы ұсынылды.

Тексеру нәтижелері бойынша субъектілерге анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар жіберілді және есептілікті ұсынуға жауапты қызметкерлер үшін оқыту жүргізу бойынша ұсынымдар берілді.

Алматы қаласы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

ЖШС «Зердеш» мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58, сайты: www.fincenter.kz

Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері, «Отан соғысы» орденінің кавалері
Жапек Бабашарұлы МОЛДАБАЕВТЫҢ
103 жасқа келіп, қайтыс болуына байланысты балалары мен туған-туыскандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almaty.aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҮРКЕРДІҢ ЖЕРГЕ ТҮСУІ»

Шоқжұлдыздың әсерінен маусым айында күн күрт ысиды

Мамырдың 15-інен бастап ауа райы тұрақсыз болды. Ертеңгілік күн көзі көрініп, түске дейін нұрын шашып тұрады да, намаздыгер, намазшамның кезінде аспанға қара бұлттар үйіріліп, алдымен себелеп, соңынан төпелеп өте шығады. Күн күркірейді, найзағай жарқылдайды... Әрине, мұның сыры «Құралайдың салқыны» амалының әсері.

А Сәрсенбек БЕКМҰРАТУЛЫ

Данағөй қарияларымыз: «Үркер жерге түспей, күн жылымайды» деп болжам жасап, айтып кеткен. Сол болжам келгелі тұр. Маусым айының басынан күн жылынады. Бұл Үркер шоқжұлдызының төмен түсуінің әсерінен орын алады. Кейде мұны «үркердің жерге түсуі» дейді. Маусым айының басында Үркер мүлде көрінбей кетеді. «Үркердің батуы» деп осыны айтады. Содан кейін 40 күн шілде басталады. «Үркер жерге түспей жер қызбайды» деген сөз осыдан қалған. Шілденің аптап ыстығынан кейін саршада туатын Үркер бір-екі күндік жүріп өткен жаңбырымен тынысты бір кеңітіп тастап отырған, мұны ел «Үркер толғағы» деп атайды. Ол амалдар туралы кезінде айтатын боламыз.

Қырық күн шілде. Маусым, шілде айында 40 күнге созылатын ыстық басталады. Осы аптапты күндерге орай халық арасында «қырық күн шілде» деп аталатын халықтық күнтізбелік атау пайда болған.

Үркер жұлдызы төңірегінде айтылатын аңыздар көп. Жалпы, түрік-моңғол халықтары Үркерді суықпен байланыстырады. Мысалы, сахада қыс бұқасы бар, оның демі – аяз, мүйізі – мұз. Қаңтардың аяғында аспан перзенті – алып бүркіт келіп шақырады. Соның даусынан қаһарлы бұқаның мүйізі шарт сынып, аяздың беті қайтады деген ұғым бар оларда. Мәселен,

тувада «Үркер сооқ егесі», яғни «Үркер суық иесі» деген түсінік бар. Ал терістік суық өлкеде өмір сүретін сахалар Үркер ғана емес, Кішіқарақшы (Малая Медведица) мен Шолпан жұлдыздарын да, өте үлкен болғандықтан, жерге ызғар шашады деп есептейді. Үркер жұлдызының түркі халықтарындағы атауы негізінен ортақ, ал моңғолдар мен алтайлықтар, кейде тувалар оны мичин (мешін) деп атаған.

Қазекең аспандағы ерекше көзге түсетін жұлдыз шоғырын үріккен малға ұқсату нәтижесінде «Үркер» деп атаған. Халқымызда «Үркер – жұлдыз ағасы», «Үркерлі айдың бәрі қыс» деген тәмсiлдер бар. Мұның бәрін бекер айтпаған. Үркер аспанға көтерілген сайын күн суытып отырған. Маусым, шілде айларында көзден тасаланып, жерге түскенде ауа райы жылынып, көк қаулап шыққан. Қысы-жазы, күні-түні малдың соңында жүретін малшы қауым «Егер Үркер жерде жатса, мәңгі жылы болар еді-ау» деп қиялдаған.

Бүгін ай есебі бойынша маусымның – 5-жаңасы. Григорианша, мамырдың 25-і. Қазақша, мамырдың – 15-і. Апта айдың басын, ортасын және соңын түгел қамтып тұр. Демек, салқын ауа ығысып, оның орнын ыстық ауа басады деген сөз.

Саяжайлары бар қала тұрғындарына айтарымыз, мамырдың соңынан басталатын ыстықты пайдаланып, бақша дақылдарын егіп алғандары абзал. Күн шуағы түскен топырақ жылиды. Жылы топырақта дақыл тез өніп, бой көтереді.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ЖАЗДА:

- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Құйын көп болса, қыс аязды болады.
- * Найзағайлы болса, қыс жайлы болады.
- * Аңызак ыстық болса, бұл – қыста болатын қатты аяздың белгісі.
- * Жұлдыздар жарқырап тұрса, келер күн ыстық.
- * Бұлт желге қарай көшетін болса, жаңбыр жауады.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

Өмір болған соң түрлі жағдай болады. Көңілді бірде бұлт басса, енді бірде аспан секілді шайдай ашылып, жайдары күй кешесің. Үнемі күліп, бақытты болып жүрсек, бәлкім осынау «тал бесіктен жер бесікке дейінгі» өмірдің қадір-қасиетін білмей жатар ма едік, кім білсін. Қалай десек те, осынау тіршілікті теңселтпей ұстап тұрған – адамдардың мейірімі, жүрек жылуы, махаббаты.

ЖАРЫҚ КҮН

«Бүгін 10 жасқа толдым. Мен 2001 жылы 11 қыркүйекте туғанмын. Анам Халықаралық сауда орталығында жұмыс істейтін. Оның бұл күні мыңдаған адамның арасынан тірі қалғаны – сол бір қайғылы күні мені өмірге әкелу үшін перзентханаға кеткен болатын».

КҮДІРЕТ

«Альцгеймер кеселінің ауыр түрімен ауыратын пациентім бар. Ол басқаны айтпағанда, өзінің де есімін жиі ұмытып қалады. Қайда, кіммен отырғанын да білмейді. Бір минут бұрын не айтқанын да есіне түсіре алмайды. Бірақ бір қызығы, күнде таңертең әйелін «Сәлем, менің ең аяулы Кейтім» деп қарсы алады. Махаббат дегеннің күдіреті осында жатқан шығар, бәлкім».

ШӘКІРТТЕР

«Ең кедей кварталда мұғалім болып жұмыс істеймін. Көп оқушым сабаққа ашқұрсақ келеді, тамаққа тиындары да болмайды. Өйткені, олардың ата-анасының



күнделікті табатын нәпақасы тым аз. Бала-ларға жаным ашиды, олардың миына сабақ қайдан қонсын сосын. Сондықтан оқушы-ларыма аздан болса да ақша беріп тұрамын, үзіліс кезінде жүрек жалғап алсын деймін ғой. Бірақ олар керек емес дегеніме қарай, арада біршама уақыт өткенде ылғи қайтарады».

ҚУАНЫШ

«Менің зайыбым мектепте ағылшын тілінен сабақ береді. Оның сүт безі обырына шалдыққанын естіген екі жүзге жуық әріптесі мен шәкірттерінің «Біз бірге күресетін боламыз!» деген жазуы бар аппақ футболка киіп шыққаны алдымыздан. Сондағы әйелімнің дәл сол сәттегідей қуанған сәтін ешқашан көрмеппін».

МЕЙІРІМ

«Мысығым үйден қашып кетті. Қатты уайымға баттым. Кішкентай досымды енді көрмейтін шығармын деп мұңайып қалдым. Дереу мысық жоғалтқаным туралы хабарландыру ілдім. Арада бір күн өткенде бір кісі телефон соғып, мысығымның жанында екенін айтты. Жедел жеттім. Көшеде жүрген үй-күйі жоқ қайыршы адам маған таксафоннан қоңырау шалу үшін 50 центін жұмсапты. Кір-қожалақ адам маған соншалықты мейірімді көрінді, тіпті мысығымға бір қалта тамақ сатып алыпты. Әлемді мейірім құтқарады».

АДАМГЕРШІЛІК

«Бүгін көшеде келе жатып жол апатының

күәсі болдым. Екі көлік қатты соғылып қалды да, бірден өртке орана бастады. Бірінде ішімдікке тойып алған ер адам, екінші көлікте жас бала екен. Екінші көліктен атып шыққан жігіт бірден апатқа себепкер болған көлікке қарай ұмтылып, мас жүргізушіні шығарып алуға жанталасып жатты».

БІР ҚҰШАҚ ГҮЛ

«Мен – флористпін. Бүгін маған бір солдат келді. Ол жақында бір жылға әскери борышын өтеуге алысқа кеткелі жатыр екен. Сондықтан ол бір жыл бойына әр аптаның жұмасында оның әйелі жігіттің атынан бір құшақ гүл алып тұруы үшін тапсырыс берді. Мен оған бір жылға 50% жеңілдік жасадым, себебі ол менің күнімді қуанышқа бөледі ғой».

ӘКЕ

Бүгін «Мен сені жақсы көремін» деген жазбамды күйеуіме жібердім деп ойлап, қателесіп әкеме салыппын. Бірнеше минуттан соң «Мен де сені жақсы көремін. Әкең» деген жауап алдым. Тамағымға өксік тығылып, көзім жасаурап қалды. Біз бір-бірімізге жақсы көретінімізді өте сирек айтады екенбіз-ау».

ХАБАРЛАМА

«Сүйікті қызымды жерлеп келгеннен кейін жүрегімді ауыртпас үшін телефонымдағы барлық хабарламасын өшіріп тастаған едім. Бірақ біреуі ғана өшпей қалыпты. Ол қызымнан келген соңғы хабарлама екен: «Әке, менде бәрі дұрыс, алаңдамаңыз. Соны айтып қояйын деп...».

Аударған
Нұржамал ӘЛІШЕВА.